

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Түркия тарапының бастамасы бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғанмен телефон арқылы сөйлесті.

Түркия Президенті Абай облысындағы алапат өрт салдарынан адамдардың қаза табуына байланысты Қасым-Жомарт Тоқаевқа және бауырлас Қазақстан халқына көңіл айтты.

Әңгімелесу барысында тараптар екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

Өзбекстан тарапының бастамасымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен телефон арқылы сөйлесті.

Өзбекстан Президенті Абай облысындағы өрт салдарынан адамдардың қаза табуына байланысты Мемлекет басшысына және Қазақстан халқына көңіл айтты. Шавкат Мирзиёев қаза тапқан азаматтардың отбасының қайғысына ортақ екенін жеткізді.

Әңгімелесу барысында тараптар екі ел арасындағы стратегиялық серіктестік пен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ниетті екенін тағы да растады және әлемдегі қазіргі жағдай туралы пікір алмасты.



КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТТАРЫ КЕЛІП ЖАТЫР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына Абай облысындағы алапат өрт салдарынан адамдардың қаза табуына байланысты шет мемлекеттердің басшыларынан, халықаралық құрылымдардың өкілдерінен көңіл айту жеделхаттары келіп түсіп жатыр.

Ресей Президенті Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа және Қазақстан халқына Қазақстанның шығыс аймағындағы алапат орман өртіне байланысты өзінің қолдауын және жылы лебізін білдірді.

— Табиғат апатының ауыр салдары еңсеріліп, зардап шеккен аумақтар калыпты өмірге оралатынына сенімдімін, — деп жазылған Ресей Президентінің жеделхатында.

Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев алапат орман өрті салдарынан адамдардың қаза тапқаны туралы суыт хабарды терең күйзеліспен қабылдағанын жеткізген.

— Осындай қайғылы сәтте Сізге және бауырлас әрі достас Қазақстан халқына көңіл айтамын. Қаза тапқандардың туыстары мен жақындарының қайғыларына ортақ екенімді жеткізуіңізді сұраймын. Бұл төтенше жағдай жақын арада толығымен еңсерілетініне сенімдімін, — делінген Өзбекстан Президентінің жеделхатында.

Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров Қасым-Жомарт Тоқаевқа орман өрті салда-

рынан адамдардың қаза табуына байланысты қайғырып көңіл айтты.

— Орны толмас қайғыға ортақтаса отырып, қаза тапқан қазақстандықтардың туыстары мен жақындарына көңіл айтамын, — деп жазылған Қырғызстан Президентінің жеделхатында.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон Үкімет пен достас Қазақстан халқының күшжігерімен өрттің жақын арада ауыздықталатынына сенім білдірді.

— Абай облысындағы ауқымды өрт салдарынан адамдардың қаза тапқаны жөніндегі қайғылы хабарды терең күйзеліспен қабылдадық. Барша бауырлас Қазақстан халқына, қаза тапқан азаматтардың туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамыз, — деп жазды Тәжікстан Президенті.

Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов адам шығынына әкеп соқтырған Абай облысындағы алапат орман өртіне байланысты Қасым-Жомарт Тоқаевқа көңіл айтты.

— Түрікменстан халқы мен Үкіметі атынан және өз атымнан қаза тапқан азаматтардың туыстары мен жақындарына көңіл айтамын, сондай-ақ зардап шеккен аумақтың тезірек калпына келуіне тілектестік білдіремін, — делінген Сердар Бердімұхамедовтің жеделхатында.

Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев Абай облысындағы алапат орман өрті салдарынан адамдардың қаза тапқаны және ауыр шығынға

әкеп соқтырғаны туралы хабарды ауыр күйзеліспен қабылдағанын жазды.

— Осы қайғылы жағдайға байланысты өзімнің және әзербайжан халқының атынан қаза тапқандардың отбасына және жақындарына, бүкіл Қазақстан халқына көңіл айтамын. Сондай-ақ табиғат апаты болған аумақтың тезірек калпына келуіне тілектестік білдіремін, — делінген Ильхам Әлиевтің жеделхатында.

Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған Түркия халқының атынан және өз атынан қаза тапқандардың отбасы мен туыстарына қайғырып көңіл айтты.

— Осы қайғылы сәтте қаза тапқандардың отбасы мен туыстарына көңіл айтамын. Түрік халқының атынан және өз атымнан зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестік білдіремін, — деп жазылған Түркия Республикасы Президентінің жеделхатында.

Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф Қазақстандағы орман өрті салдарынан 14 адамның қаза табуына байланысты көңіл айтты.

— Пәкістан Үкіметі мен халқының атынан Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа және қаза тапқан азаматтардың отбасына қайғырып көңіл айтамын. Зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуі үшін дұға етемін, — деп жазды Шахбаз Шариф.

Көңіл айту жеделхаттары әлі де келіп түсіп жатыр.

ПРЕЗИДЕНТ ӨКІМДЕРІ

Мемлекет басшысының өкімімен Аружан Саин Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымынан босатылды.

Мемлекет басшысының өкімімен Динара Болатқызы Зәкиева Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымына тағайындалды.

Мемлекет басшысының өкімімен Светлана Кабыкенова Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Халықтың әлеуметтік жағынан осал санаттарының құқықтары жөніндегі уәкіл лауазымына тағайындалды.

АБАЙ АЙМАҒЫНДАҒЫ АПАТ

Кеше кезекті рет мемлекеттік Ту түсіріліп, Ұлттық аза тұту күні жарияланды. Қалың қазақ Семейдегі орман өртіне шейіт кеткен арда азаматтарын жоқтап, қара жамылды. Тұңғыш рет ел Президенті билік атынан көшірім сұрады.

4 >>



АЛДЫҢҒЫ ШЕПТЕН ТАБЫЛДЫ

«AMANAT» партиясы мүшелері мен «Жастар Рухы» жастар қанатының волонтерлері Абай облысында өрттен зардап шеккен және эвакуацияланған тұрғындарға көмек көрсетіп жатыр. Өңірге «Жастар Рухының» 250-ден астам волонтері келді.



«AMANAT» мүшелері Абай облысындағы қайғылы оқиғаның алғашқы сағатынан-ақ жергілікті тұрғындарға көмек көрсетіп жатыр. Атап айтқанда, партияның өңірлік филиалы жанынан гуманитарлық көмек қабылдау пункті ашылды. Мұнда жалпы сомасы 10 миллион теңгеге бірінші кезекте қажетті

заттар мен азық-түлік өнімдері жеткізілді. Оқиға орнында Астана қаласынан, Абай және Шығыс Қазақстан облыстары-

нан келген 250-ден астам волонтер қолғабыс етіп жатыр.

3 >>

ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕПТЕР ЖАРЫЛҚАЙ МА?



Жекеменшік мектептердің білім сапасына ықпалы жайындағы пікір сан алуан. Көпшілік мұндай оқу ордалары сапаға серпін бергенімен, оның арғы жағында табыс табуды ғана ойлайтын кәсіпкер тұрғанын айтады.

КЕСЕЛДІҢ КЕСІРИНЕН КАРАНТИНГЕ ЖАБЫЛДЫ



Жамбыл облысы Талас ауданында бүгін бір ауыл сібірі жарасына байланысты карантинге жабылды. Тамды ауылына 15 күндік шектеу шаралары енгізіліп, елді мекенге төрт түлікті кіргізіп, шығару және ет пен сүт өнімдерін тасымалдауға қатаң тыйым салынып отыр.

АЛАҢСЫЗ ОЙЫН АРМАНҒА АЙНАЛДЫ

Балалардың демалысы басталса, үлкендердің ұйқысы қашады. Өйткені ойын баласын үйде ұстау қиын. Ал саябақтағы әткеншектердің қауіпсіздігіне кепілдік жоқ. Олай деуімізге себеп, сапасыз аттракциондардың мәселесі жыл сайын көтеріледі. Бірақ балалардың ойын алаңына әткеншек орнатып, табыс табуға ниеттілердің қауіпсіздікті қаперге алатын түрі байқалмайды.



6 >>

ОРАП ЖАТЫР ОТ-ЖАЛЫН...

Абай облысында 14 адамның өмірін жалмаған жалынның беті өлі қайтар емес. Өңір-өңірден ағылған өрт сөндірушілер мен техникаға да, тікұшақтардан тонналап төгілген суға да ауыздық бермеген асау оттың қою түтіні көршілес Жетісу облысына да жетті. Мұқым елдің мойнынан Абай жеріне бұрған жалын 8 маусымда тұтанған еді. Бірақ бұл жалынның 2 күннен соң бет қаратпай кететіндігінен көпшілік хабарсыз болатын.



4 >>





БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫ БОЙЫНША ЕСЕП БЕРЕДІ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен Сенат Бюросының отырысында депутаттар 15 маусымда болатын Палата отырысының күн тәртібін бекітті.

Бюро отырысы Абай облысындағы алапат өрттің салдарынан қаза тапқан орманшыларды бір минут үнсіздікпен еске алумен басталды.

Сенат Төрағасы Мемлекет басшысының өкімімен 12 маусымда елімізде жалпыұлттық аза тұту жарияланғанына назар аударып, қайтыс болғандардың отбасылары мен жақындарына көңіл айтты. Мәулен Әшімбаев кеше ел Президенті аталған өңірге арнайы барып, қаза тапқандардың отбасы мүшелерімен кездескенін және оларға көмек көрсету, өрттің шығу себептерін анықтау туралы тиісті органдарға нақты тапсырмалар бергенін де атап өтті.

Сонымен қатар Бюро отырысында алда болатын Үкімет сағатының тақырыбы талқыланды.

Мәулен Әшімбаев көтерілетін мәселенің маңызды екенін айта келіп, елімізде агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға қатысты нақты ұсыныстар әзірлеу керектігін тілге тиек етті.

Айта кетейік, 16 маусым күні «Агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық әлеуетін арттыру және импортты алмастыру жағдайында ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу мәселелері» тақырыбына арналған Үкімет сағатын өткізу жоспарланып отыр.


Одан бөлек, сенаторлар алдағы Палата отырысының күн тәртібін бекітті. Соған сәйкес, депутаттар бейсенбі күні Үкіметтің және Жоғары аудиторлық палатаның 2022 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін қарайды.

ЖОЛ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Жыл басынан бері мас күйінде көлікке отырған 7 мыңнан астам азамат жауапқа тартылды. 6 мыңнан астам жүргізуші көлік басқару құқығынан айырылса, 8 мыңға жуық адам қамауға алынған. Сондай-ақ 128 мыңға жуық жаяу жүргінші әкімшілік жауапкершілік арқалады.

Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы Ақтоты Боранованың айтуынша, жыл басынан бері жол жүру ережелері отбасында, мектепте және қоғамда үнемі айтылып, түсіндіру жұмысы кенінен жүргізіліуі тиіс.

«Ішкілікке немесе ескірткіге масайып көлік жүргізетіндер қатары көп, олардан қоғамға келетін қауіп те жоғары. Жол ережесін бұзатын әрбір көлік жүргізушісі бұдан өзінің жеке басына ғана емес, қоғамның басқа да мүшесіне қауіп төнетінін қаперде ұстағаны жөн. Қоғамдық тәртіпті сақтап, заң талаптарын орындау – баршаға ортақ міндет. Жолда дөрекілікке, немқұрайлық пен басыздыққа жол бермеу мәдениетін үйренетін уақыт жетті.



Қоғамға зиянды тигізбеу жөнінде әрдайым түсіндіру шаралары өткізіліп тұрғаны аса маңызды. Әйтсе де, әрбір азамат айыппұл арқалағанда ғана емес, ұдайы жеке басының жауапкершілігін ойлауы тиіс», – дейді аға инспектор.

ЭКС-БАСШЫНЫҢ МӘЙІТІ ТАБЫЛДЫ

2016-2022 жылдары Талдықорған қаласындағы білім беру саласын басқарған Роза Барманованың мәйіті өзен жағасынан табылды. Әйелдің денесін балықшылар тауып алған.

Жетісу облыстық Полиция департаментінің мәліметінше, әйел адамның денесінде зорлық-зомбылық белгілері жоқ. Мүрде Қаратал өзенінің

маңынан табылды. Бұл фактіні қалалық полиция тіркеді. Қажетті сот-медициналық сараптама тағайындалды, қызметкерлер өлімнің себебін анықтайды.

Роза Барманова Талдықорған қаласының білім бөлімін 2016 жылдан 2022 жылға дейін басқарды. Марқұм қызметінен босағаннан кейін білім басқармасына Жандос Жолдыханов келген еді. Алайда ол 27 сәуірде 280 млн теңге пара алды деген күдікпен ұсталған болатын.



Сенаторлар – «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының мүшелері саяси партиялар мен мемлекеттік органдардың өкілдерімен кездесті. Жүздесуге қатысушылар кездесудің басында Абай облысында қаза тапқан «Семей орманы» қызметкерлерін бір минут үнсіздікпен еске алды.

ҰЛТТЫҚ БІРЛІК – БАСТЫ ҰСТАНЫМ



Кездесуді ашқан «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының жетекшісі Нұрғөре Жүсіп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясының отырысында Парламентке ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді нығайту мәселелері бойынша депутаттық бірлестік құру мәселесін пысықтауды тапсырғанын атап өтті.

«Депутаттық топтың негізгі мақсаты – елдегі қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы заңнамалық үйлестіруді және Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының Қазақстан халқы Ассамблеясымен, азаматтық қоғам институттарымен өзара тиімді іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету болып табылады», – деді Нұрғөре Жүсіп.

Кездесуге қатысушылар ҚХА қызметіндегі өзекті мәселелерді талқылады. Сонымен қатар

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің өкілдері депутаттарға мекеменің этносаралық келісімді нығайту саласындағы қызметі туралы айтып берді.

Сенатор Закиржан Кузиев Сенаттағы Ассамблеяның бес мүшесі заңнамалық денгейде кері байланысты жүзеге асыруға, қоғамдық бақылау жүргізуге және Парламентте Қазақстандағы барлық этностың мүддесін білдіруге атсалысып жүргенін атап өтті.

«Жалпы, барлық депутаттардың алдында бір ғана міндет тұр – күн сайын алғы шепте болу, шешім қабылдау және ол үшін халық алдында жауапкершілік алу. ҚХА басшылығымен біз апта сайын кездесу өткізіп, белгілі бір мәселелерді, оның ішінде жалпыұлттық бірлікті нығайтуға қатысты мәселелерді шешуді талқылап отырмыз», – деді Закиржан Кузиев.

БІРКҮНДІК ЖАЛАҚЫСЫН АУДАРДЫ

Парламент Сенаты алапат өрттен қаза болғандар мен зардап шеккендердің отбасыларына қайғырып көңіл айтты. Сенат депутаттары мен Сенат Аппаратының қызметкерлері «Семей орманының» қаза тапқан қызметкерлерінің отбасыларына көмек көрсету қорына біркүндік жалақысын аударды.

Сенат депутаттары Ольга Булавкина, Айнұр Аргынбекова және Қайрат Тастекеев жағдайды

жергілікті жерде бағалау мен тиісті көмек көрсету үшін өңірге барған болатын. Облыста қазіргі кезде өртке қарсы күрес жалғасуда. Арнайы қызметтер, әскерилер мен еріктілер облыс тұрғындарына жан-жақты көмек пен қолдау көрсетуде.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осыған дейін Үкіметке қаза болғандардың отбасыларына тез арада көмек көрсетуді тапсырып, тиісті мемлекеттік органдар қайғылы оқиғаға тергеу жүргізетінін атап өткен болатын.

ЖЕДЕЛ ШТАБ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ



Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов жедел штабтың кеңесін өткізді. Онда орман өртін сөндіру бойынша негізгі міндеттер тұжырымдалып, өңірдегі ахуалды тұрақтандыру үшін қосымша іс-шаралар әзірленді.

«Өртті сөндіру және залалды азайту, ең бастысы халықты қорғау бойынша барлық қажетті шаралар қабылданды. Оқиға орнында тәулік бойы кезекші мамандар, жедел штаб жұмыс істейді. Алға қойған міндетті орындауға қажетті барлық күштер мен құрал-жабдықтар дайын», – деді министр.

Орман өртін сөндіруге Абай, Жетісу, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Алматы облыстарының, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларының ТЖД күштері мен құралдары және ТЖМ бөлімдерінің әскери қызметшілері қатысуда.

Отырыстан кейін министр орманды дала аймағының аумағына аэровизуалды зерттеу жүргізді. Ұшу қорытындысы бойынша, өрт ошақтарына күштер мен құрал-жабдықтарды қайта жұмылдыру жүргізілді. Сондай-ақ өрт учаскелерінде су төгетін

құрылғылары бар тікұшақтарды ауыстыру туралы шешім қабылданды. Орман өртін сөндіруге ТЖМ, орман шаруашылығы комитеті, жергілікті атқарушы органдар және Қорғаныс министрлігінен 1500-ге жуық адам және 300-ден астам техника жұмылдырылды. Өрт басталғаннан бері 14 тікұшақтың көмегімен жалпы көлемі 3 039 тоннадан асатын 1 017 су шашу жүзеге асырылды. Өртті сөндіру күрделі рельефті жерлер мен 17 м/с қатты екпінді желдің салдарынан қиындау соғуда. Жағдайды ескере отырып, Сырым Шәріпханов жедел штабқа тиісті тапсырмалар берді.

«Өртті ауыздықтау және оқшаулау аса күрделі жұмыс және көп еңбекті қажет етеді. Жер бедерінің жағдайы мен өткен күрестегі кедергілер ескерілуі керек», – деді министр.

Қазір Абай облысында өртті сөндіру үш бағытта жалғасуда (онтустік, батыс және шығыс жиектер). Шығыс бағытта ауыр техникамен минералданған жолақтар жасау жұмысы жүргізіліп жатыр. Сырым Шәріпханов орман өртін сөндіруге қатысқандардың барлығына алғыс білдіріп, қалыптасқан жағдайға қарамастан, бірлескен күш-жігер табиғи апатты тез арада жоюға әкелетініне сендірді.

АЛДЫҢҒЫ ШЕПТЕН ТАБЫЛДЫ



«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ АБАЙ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ ЖАНЫНАН ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ҚАБЫЛДАУ ПУНКТИ АШЫЛДЫ

Қабылдау пунктінің мекенжайы:
Семей қаласы, Шәйжүнісов көшесі, 138.

Байланыс нөмерлері:

+ 7702 758 0724

+ 7707 295 7739

+ 7776 127 7661

«АМАНАТ» партиясы мүшелері мен «Жастар Рухы» жастар қанатының волонтерлері Абай облысында өрттен зардап шеккен және эвакуацияланған тұрғындарға көмек көрсетіп жатыр. Өңірге «Жастар Рухының» 250-ден астам волонтері келді.

«АМАНАТ» мүшелері Абай облысындағы қайғылы оқиғаның алғашқы сағатынан-ақ жергілікті тұрғындарға көмек көрсетіп жатыр. Атап айтқанда, партияның өңірлік филиалы жанынан гуманитарлық көмек қабылдау пункті ашылды. Мұнда жалпы сомасы 10 миллион теңгеге бірінші кезекте қажетті заттар мен азық-түлік өнімдері жеткізілді. Оқиға орнында Астана қаласынан, Абай және Шығыс Қазақстан облыстарынан келген 250-ден астам волонтер қолғабыс етіп жатыр. Олар гуманитарлық көмек жинау пунктіне жеткізілген заттарды қабылдап, оны Талица, Успенка және Каштак елді мекендеріндегі зардап шеккен тұрғындарға таратады. Бұған қоса, волонтерлер тобы өрт сөндірушілерге арнап астық тамақ ұйымдастыруда. Еріктілер кеше Өскемен қаласынан келіп жеткен гуманитарлық көмекті үйлестіруге атсалысты. Сонымен қатар төтенше жағдай орын алған жерге еліміздің өзге аймақтарынан тағы 300-ден астам волонтер келеді деп күтілуде.

Абай облысының мәслихатындағы «АМАНАТ» депутаттық фракциясының жетекшісі Тұрарбек Әзекеновтің бастамасымен «Семей орманы» ор-

ман шаруашылығының қаза тапқан қызметкерлерінің отбасыларына материалдық көмек ретінде «Қазмырыш» АҚ 1 млн теңгеден бөледі.

Шығыс Қазақстан облысындағы партиялықтар да шет қалмай, 5 тоннадан астам гуманитарлық көмек жөнелтті. Бұл – жеке бас гигиена заттары, бір рет қолданылатын ыдыс-аяқтар, азық-түлік пен дәрі-дәрмектер.

Өрт болған өңірге аманаттық депутаттар да аттанған болатын. Мәжілістегі «АМАНАТ» партиясы фракциясының депутаттары Нұртай Сабильянов, Ринат Зайытов, Максат Толықбай, Самат Нұртаза әуелі Семей қаласында өрттен зардап шеккен Талица ауылының тұрғындарымен кездесіп, олардың қал-жағдайын білді. Эвакуацияланған ауыл тұрғындары Семей қаласының медициналық колледж жатақханасына орналастырылған болатын.

Одан соң Талица ауылындағы өрт сөндірушілермен жүздесу кезінде халық қалаулылары осы сала қызметкерлерінің материалдық-техникалық базасын, еңбек жағдайын және әлеуметтік қамсыздандыруды жақсартудың өзекті мәселелерін талқылады. Олар құтқарушыларды өрт сөндіру техникасының тапшылығы

мен тозығы жетуі мәселесі партияның ерекше бақылауына алынып, жақын арада тиісті шешімін табатынына сендірді.

Абай облысындағы өртті сөндіру жедел штабының мәліметінше, төтенше жағдайға арнайы өрт сөндіру техникасы, тракторлар мен басқа да қажетті құралдар жұмылдырылған. Өрт маңында мамандардың тәулік бойы кезекшілігі ұйымдастырылған. Өртті сөндіруге 300-ге жуық техника, 1500-ге жуық адам және 11 тікұшақ жұмылдырылған. Полиция қызметкерлері де осы төрт ауылды қоршап, мародерлерден, ұры-қарыдан халықтың мүлкін сақтауда.

«Мәжілістегі «АМАНАТ» партиясы фракциясының бір топ депутаттарымен бірге эвакуация пункттерінде болдық. Эвакуацияланған тұрғындармен әңгімелесіп, хал жағдайларын білдік. Абай облысында 800 адамға дейін сыйымдылығы бар 9 эвакуациялық пункт дайындалды. Озерки ауылдық округінің Каштак, Половинки, Тепкаши және Талица ауылдарының 50 тұрғынын, оның 13-і бала, Қалматаев атындағы жоғары медициналық және М.Әуезов атындағы педагогикалық колледждері қабылдады. Эвакуациялық пункттер келушілердің уақытша тұруы үшін қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз етті. Осы пункттердің әрқайсысында астық тамақпен қамтамасыз ету және бірінші кезекте қажетті заттарды беру ұйымдастырылған. Халықты жедел эвакуациялау үшін 10 автобус жіберілді. Қажет болған жағдайда көмекке мұқтаж барлық адамдарды қабылдау үшін қосымша эвакуациялық пункттер ұйымдастырылады», – деді Абай облыстық мәслихатының төрағасы Қуаныш Сүлейменов.

Ал облыстық мәслихаттағы «АМАНАТ» фракциясының депутаты, Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкіл Эльзира Жүнісова балалар орналастырылған эвакуациялау пункттерін барып, оларға жасалған жағдайды тексерді. Абай облысы аумағында 51 бала эвакуацияланды. Оның 13-і Семей қаласындағы екі жатақханаға орналастырылды. Яғни, 8 бала Д.Қалматаев атындағы медициналық колледжде, 5 бала М.Әуезов атындағы педагогикалық колледжде жайғастырылды.

АТЫРАУДА 21 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕР ҚАЙТАРЫЛДЫ



«АМАНАТ» партиясы іске қосқан «Жер аманаты» жобасы бойынша бүгінде республикамызда пайдаланылмай жатқан және заңсыз бөлінген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер мемлекет меншігіне қайтарылуда.

Атырау облысы бойынша былтыр жалпы көлемі 167,7 мың гектар жер қайтарылған екен. Оның ішінде 15,4 мың гектары – егістік, 152,2 мың га – жайылымдық және 100 гектар – басқа мақсатта бөлінген учаске. «АМАНАТ» партиясының Атырау облыстық филиалы Саяси жұмыс бөлімінің меңгерушісі Мәлік Қариевтің айтуынша, халықтық жобаның басты мақсаты – ел игілігіне қызмет ету.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пайдаланылмай жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтаруға және оларды ауыл тұрғындарына қолжетімді етуге тапсырма бергені болатын. Осы мақсатта, «Жер аманаты» партиялық жобасы аясында «АМАНАТ» партиясының Атырау облыстық филиалы жанынан «Жер аманаты» комиссиясы құрылды. Комиссия құрамына облыстық мәслихат депутаттары, жер қатынастары саласының сарапшылары, Кәсіпкерлер палатасының, құзырлы мемлекеттік

органдардың, БАҚ-ның өкілдері және басқа да уәкілетті тұлғалар енді. Бүгінге дейін, партиялық жобаны іске асыру мақсатында «Жер аманаты» комиссиясы жұмысын түсіндіру және игерілмеген жерлерді қайтару бағытында Атырау қаласында, облысқа қарасты 7 ауданда бірнеше рет көшпелі кездесу ұйымдастырылды. Нәтижесінде, жыл басынан бүгінге дейін барлығы 76 жер учаскесі қайтарылды. Жалпы көлемі – 21,7 мың гектарды құрайтын жер учаскесінің 40 гектары көлемі – егістік, 21,2 мың га көлемі – жайылымдық және 400 гектары көлемі – басқа мақсаттарға арналған жер телім. Жыл соңына дейін Атырау облысы бойынша 210 мың гектар ауыл шаруашылық мақсатындағы жер учаскелерін мемлекетке қайтару жоспарланып отыр», – дейді ол.

Бір атап кетерлігі, Атырау облысының жер аумағы 11 миллион 863 мың гектар болса, оның ішінде ауыл шаруашылығы санатындағы жер учаскелерінің көлемі небары 3 миллион 57 мың гектар, яки 25,7 пайызды құрайды. Облыста жайылымдық жер мәселесі өзекті болғаны бұған дейін де жазылған болатын. Тіпті, Индер ауданында тұрғындар жайылымдық жердің жетіспеуіне байланысты митингке шыққан еді. Есбол, Өр-

лік ауылының тұрғындары мал жаятын жердің жылдан-жылға азайып бара жатқанына наразылық білдірді. Ал осыдан біраз бұрын Ауыл шаруашылығы министрлігі еліміздегі жайылымдық жерлердің 36 пайызы ғана мал шаруашылығы үшін пайдаланылып отырғанын, қалған 64 пайызы бос жатқанын мәлімдеген еді. Мамандар малдың 80 пайызға жуығы өткен ғасырдың 90-жылдарының басында жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту үшін бөлінген елді мекендер шегінде және оның айналасындағы өте тозған жайылымдық жерлерде жайылып жүргенін айтады. Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпараты бойынша жеке қосалқы шаруашылықтарда ұсталатын шаруашылық мақсатындағы жер учаскелерін мемлекетке жаяу үшін 50 млн гектар жайылымдық жер қажет екен. Қаншама ғасырдан бері тұрмыс-тіршілігі мал шаруашылығымен біте қайнаскан казак халқы, соның ішінде, ауыл тұрғындары үшін жайылым мәселесінің қашан да өзекті екенін ескерсек, «Жер аманаты» жобасының мәні – осындай мәселелерді шешуге арналғанын түсінгеніміз дұрыс. Қазір «Жер аманаты» комиссиясының жұмысы жалғасып жатыр.

Баия ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

ҚАЗАНДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ
ҚАЗАНДА БІТЕ МЕ?

«Қоғамдық бақылау» заңына сәйкес мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың жұмысына қоғамдық бақылау тетіктерін қалыптастыру мақсатында «АМАНАТ» партиясының фракция депутаттары Астанадағы ЖЭО-3-тің құрылысындағы жұмысты. Осы күнге дейін аяқталмай тұрған бұл жобаның құрылысы 2010 жылы басталған болатын.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкімет нысан құрылысын қаржыландыру үшін қаражат бөлі. Қазір құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Бір топ Мәжіліс және мәслихат депутаттары құрылыс барысымен танысты. Жобаның бас мердігері – «ЦентрКаз-ЭнергоМонтаж» АҚ. Жобаның құны 122 млрд теңгені құрап отыр. Алайда жобаның құрылысы

13 жылға созылып жатқанын айта кету керек.

Қондырғылар да қаражат бөлінген сайын сатып алынып отырған. Мердігерлердің айтуынша, жобаға қаражат мемлекет тарапынан тұрақты бөлінбегендіктен оның құрылысы жылдарға созылып отыр. Қазір жобаның құны 158 млрд теңгеге көбейтілді. Себебі құрылыс материалдарының қымбаттауы 36 млрд теңгеге саналып отыр. Техникалық аудиттің мәліметінше, құрылыс 83 пайызға орындалған. Құрылыстың басында жүргендер екі қазандық қазан айында іске қосылатынын айтады. Қазір өндіріс орнында 602 адам қызмет етіп жатыр.

«ЖЭО-3 құрылысының аяқталуын мемлекет пен елорда тұрғындары күтіп отыр. Себебі қыс кезінде тұрғындар жылу тоқтасы берілгенін қалайды. Нысанға біз жауапты екенімізді

түсінеміз. Барлығы қаржыландыруға тәуелді екенін білеміз. Биыл Мемлекет басшысы нысанның қаржыландыруын мемлекет жүзеге асыратынын айтты. Бізде оны тапсырмадан басқа нұсқа жоқ. Сондықтан ЖЭО-3 пайдалануға толық тұрғыда желтоқсан айында беріледі. Оған дейін қазандықтар кезеңде іске қосылып отырады. Алғашқы екі қазандық қазан айында іске қосылады», – дейді мердігер компанияның өкілі.

Өз кезегінде құрылыс барысымен танысқан депутат Ерлан Саиров жұмыстардың дайындығын 90 пайызға бағалай алмайтынын айтты.

«Астанадағы жағдай мүшкіл болғандықтан ЖЭО-3-тің құрылысын тексеріп жүрміз. Бұл жерде мәселе өте көп. Себебі құрылыс 2010 жылы басталған. Мердігер компания жұмыстар 90 пайызға дайын деп отыр. Алайда 90 пайызға жетпейтін түрі бар. Қазан айына дейін барлық жұмыс бітеді деп отыр. Бүгінде барлық қазандықтардың барлығы жеткізіліп, жылу құбырлары қаланың негізгі магистраліне қосылған деп отыр. Оның барлығын уақыт көрсетеді. Қазан айында оны келіп тағы да қадағалаймыз», – деді ол.

Депутат Ерлан Саировтың пікірінше, дайындық әлі күнге дейін қажетті деңгейде емес: «Қабылдап алған ұйымдардың өз нысанды толық мемлекеттік қабылдауға алмағанын айтты. Сондықтан бақылау бойынша жүзеге асыруды жалғастырамыз», – деді ол.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ
ЖҰМЫЛА ЖЕҢЕМІЗ

«АМАНАТ» партиясының Алматы қалалық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің ұйымдастыруымен семинар-кеңесі өтті.

Жиынға Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті өкілдері және Алматы қаласының мәслихат депутаты қатысты. Күн тәртібіне сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділікті қалыптастыру, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қойылып, ол бойынша салалық органдар тарапынан атқарылып

жатқан жұмыстар сөз болды.

«Бүгінгі көтеріп отырған мәселе – қоғам дамуы үшін өте өзекті. Сол себепті де, Президенттің кезектен тыс сайлауынан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Әділетті Қазақстан: Бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітіліп, онда Президент Сыбайлас жемқорлыққа қарсы одан арғы күрес бойынша іс-шараларды қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ оған дейінгі өз Жолдауында Мемлекет басшысы әлеуметтік, экономикалық мәселелерге тоқталып, бірқатар бастама көтерді. Жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыруды, яғни, мемлекеттік капитализмнен және мемлекеттің экономикаға шектен

тыс араласуынан бас тарту формасына өтуді тапсырды», – дейді Алматы қалалық мәслихатының депутаты Зәуреш Өмірбаева.

2022 жылды және 2023 жылдың ағымдағы кезеңінде «АМАНАТ» партиясының Алматы қалалық филиалы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің мүшелері 29 іс-шара өткізді, оның ішінде 17 семинар мен 12 дөңгелек үстел. Сонымен қатар аймақтық партиялық бақылау органдары БАҚ пен әлеуметтік желілерде тұрғындардың көтерген қызу мәселелерін тұрақты түрде қарастырып келеді. Партияның аймақтық және аумақтық филиалдары 30-ға жуық резонанстық мәселені қарады, оның ішінде 13-і оң шешімін тапты, 17-сі түсіндірілді.

АБАЙ АЙМАҒЫНДАҒЫ АПАТ

Кеше кезекті рет мемлекеттік Ту түсіріліп, Ұлттық аза тұту күні жарияланды. Қалың қазақ Семейдегі орман өртінде шейіт кеткен арда азаматтарын жоқтап, қаражамылды. Тұңғыш рет ел Президенті билік атынан кешірім сұрады. Орған Абай облысындағы алапат өрт себеп болды. Онсыз да орманы ұлтарактай Қазақстанда 60 мыңнан астам гектар жасыл желекті от жалмады.

Жедел штаб мәліметінше, «Семей орманы» резерватында өртті сөндіру кезінде Успенское орманшылығының 14 қызметкері қаза тапты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жарлығымен Абай облысындағы төтенше жағдайда ерлік көрсетіп, жанқиярлық танытып, қызметтік борышын атқару кезінде шейіт болған бір топ орманшыны «Құрмет» орденімен марапаттады. Әкініштісі, олардың ешқайсысына да бұл награданы өз қолымен ұстап, кеудесіне тағу бақыты бұйырмады.

Бірақ өрт құрбандарының саны одан көп болуы мүмкін. Себебі өртті сөндіруге тиісті құрылымдардың қауқары жетпеген соң бұл іске жергілікті тұрғындар тартылды. Қазірдің өзінде тағы бір адамның із-түссіз жоғалып кеткені анықталды.

Абай облысындағы ауыр ахуал көпшіліктің көкейінде көптеген сауал туғызды. Мысалы, 2022 жылғы қыркүйектің басында Қостанай облысында ірі табиғи өрт болып, жалын шарпыған өңірге Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі барған. От жалмаған ауылдардың үстінен ұшақпен аралап, сонынан эвакуациялық пунктте зардап шеккендермен кездесті. Үкіметке мұндай масқараға енді жол бермеуді нықтап тапсырды.

Енді міне, арада 9 ай өткенде Мемлекет басшысына қайтадан барлық жоғалтқан бұзып, Абай облысына арнайы сапарлауға, лапылдап жанған даланы үстінен тік ұшақпен бақылап, өрт құрбандарының жақын-жуықтарына көңіл айтып, кешірім сұрауға тура келді. Неге Үкімет былтырғы оқиғадан сабақ алмады? Құтқарушылардың жасау-жабдығы апатпен арпалысқа неліктен дайын болмағанын түсініксіз. Төтенше жағдай кезіндегі жергілікті және орталық мемлекеттік органдардың жедел әрекет алгоритмі де іс жүзінде түкке жарамай қалды.

Абай өңіріндегі өрт толық сөндірілген жоқ. Тек жалынның беті қайтқан. ТЖМ хабарлауынша, елді мекендерге қауіп төніп тұрған жоқ. Өртті сөндіруге ТЖМ, Орман шаруашылығы комитетінен, жергілікті әкімдіктерден және Қорғаныс министрлігінен 1 500-ге жуық адам, 300-ден астам техника жұмылдырылған. Апат аумағын барлау және әуеден сүтөгу үшін 14 тікұшақ тартылған. Өртті сөндіру жұмыстары басталғалы аспаннан 1017 рет жалпы көлемі 3 мыңнан астам тонна су төгілді. Төтенше жағдайлар министрі, генерал-майор Сырым Шәріпханов оқиға орнында өрт сөндіру жұмыстарын үйлестіріп жатыр.



ҮЙЛЕСІМДІ ӘРЕКЕТ ЖЕТІСПЕДІ

Бұл оқиға Үкіметтің ісіндегі жүйесіздікті әшкерелеп берді. Абай облысындағы табиғи өрттер мамыр айында басталды. 2023 жылғы 22 мамырда сағат 15:13-те бақылау мұнарасының өрт күзетшісі «Семей орманы» табиғи резерватының аумағындағы қою түгінді байқайды. Кейін анықталғандай, өрт Ресей аумағынан Қазақстанға ауысқан.

24 мамырда бірінші вице-премьер Роман Скляр Абай облысының Бородулиха ауданында табиғи өртті сөндіру бойынша ТЖМ базасында жедел республикалық штаб отырысын өткізді. Сонда Үкімет Абай облысындағы табиғи өрттен елді мекендерге төнген қауіп жойылғанын мәлімдеді. Өртті оқшаулау және жою бойынша барлық қажетті шара қабылданып жатқаны айтылды. Жалын жайлаған аймақтың жалпы ауданы ол кезде 3,5 мың гектарға жетті. Жақын ауылдардан 300-ге жуық адам өз бетінше босып кетті. Содан Бородулиха ауданында төтенше жағдай жарияланды. Орман өртін сөндіруге 201 техника, 8 тікұшақ, 1 өрт сөндіру пойызы және жеке құрамның 852 адамы жұмылдырылған.

Абай облысындағы мамырдағы өртті сөндіруге ТЖМ сыртында, Ішкі істер, Экология министрліктерінің, КТЖ, жергілікті әкімдіктердің және облыстың коммуналдық қызметтерінің жұмыскерлері жұмылдырылды. Кәсіби өрт сөндірушілер барлық жерде жетпейді. Демек, өртті өшітпей, оның алдын алу бірінші кезекті басымдық.

Негізі, бүгінде ғарыш кеңістігінде қазақстандық бірнеше жерсерігі қалықтап жүр. «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы республикалық бюджеттік бағдарлама аясында, өрт қаупі төнетін аумақтарда жерсеріктер көмегімен республика аумағын үнемі шолып, орманды дала өрттеріне ғарыштық мониторинг жүргізуге міндетті. Ұлттық компанияның түсіндіруінше, күн сайын, тәулігіне 8 ретке дейін өрт ошақтарының координаты

анықталады және орманды дала алқаптарының өртенген учаскелері туралы онкүндік ақпарат ұсынылады. Олар Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің және ТЖМ-нің салалық геосервистеріне түсетін көрінеді. Яғни, солардың қызметкерлеріне қолжетімді.

Алайда Экология министрлігінің хабарлауынша, Абай облысындағы резерват аумағындағы жаңа өртті 8 маусым күні, таңғы 10 шамасында «Қазвиаорманкорғау» патрульдік тікұшағы анықтаған.

Алгоритм бойынша «Қазвиаорманкорғау» филиалдары, яғни орманшылар тілсіз жаумен алысуға ең әуелі өздері шығады. Бірден ТЖМ шақырмайтын көрінеді. Өрттің аумағын білу үшін ғарыштық түсірілімдерге жүгінеді. Қосымша күш қажет болса ғана төтенше жағдайлар ведомствосына хабарласады.

Экология министрлігі сол 8 маусымдақ облыстағы өрт қаупінің 5 сыныбы белгіленгенін алға тартты. Өршелене соққан екпінді жел де жалынның қарқынды жайылуына ықпал еткен. Өртке қарсы шараларды жедел ұйымдастыру мақсатында Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің басшылығы оқиға орнына бірден аттаныпты. Артынша бұл оқиға Президенттің назарына іліккен соң оқиға орнына өзінің бірінші орынбасары Н.Шәриповті ертіп, Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова жол тартқан.

Тағы бір жайт назар аудартады: 9 маусымда Абай облысындағы өрттің бой бермей кеткенін, онда орман шаруашылығының үш қызметкері қаза тауып, тағы 11 қызметкер жоғалғанын білген Президент К.Тоқаев шұғыл тапсырмалар берді. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильинге оқиға орнына жедел барып, өрт сөндіру жұмыстарын басқару міндетін жүктеді. Алайда ертесіне, 10 маусымда Президент өз Жарлығымен Ильинді дереу

отставкаға жіберді. Ал жаңа министр лауазымына тағайындала сала, бірден апат орнына аттанып кетті.

ӨРТ ШЫБЫҚПЕН СӨНБЕЙДІ

Келесі бір тосын жайт. Өрт маусымының басында, биылғы 16 мамырда Үкімет отырысын өрт қаупі бар кезеңге дайындық шараларына арнаған Премьер Әлихан Смайылов табиғи парктер мен қорықтарда өртті ерте анықтау жүйесін белсенді енгізуді тапсырды. Жүйе жедел енгізілгенде, өрт осынша апатты ауқымға жетпес пе еді. Бірақ айтылған сөз айтылған жерде қалып, жауаптылар оны залдан шыға ұмытқанға ұқсайды.

Сол отырыста төтенше жағдайлар бірінші вице-министрі Ибрагим Күлшімбаев министрліктің кез келген жағдайға дайын екендігіне сендірді. Оның мәліметінше, өңірлер алдын алу іс-шараларын іске асыруға кірісті: ұлттық парктер мен табиғи қорықтар тексерілуде, өрт сөндіру құралдары түгенделіп, алдын алу шаралары түсіндірілген. Әкімдіктер 590-нан астам өрт сөндіру бекетін құрды. Олар 2 млн тұрғыны бар 2 мыңға жуық елді мекенді өрттен қорғайды. 4 мың еріктіден өртке қарсы құрылымдар жасакталды.

Әрине, бәріне ТЖ мамандарын айыптай беруге болмайды. Оның үстіне, төтенше жағдайлар саласы, соның ішінде өртпен күрес қызметтері қалдық қағида бойынша қаржыландырылды. Оларға билік бөлген қаражат жабдыктарды жаңғыртпақ түгіл, жалақыны көтеруге жетпейтін.

Мысалы, қаза тапқан орманшылардың туыстары өзімен кездесуге келген Президентке орман шаруашылығына қатысты арыз-шағымдарын айтты. Олардың мәліметінше, резерваттың материалдық-техникалық базасы сын көтермейді, орманшылардың еңбекқоры аз, қызметкерлерді әлеуметтік қорғау шаралары көңіл көншітпейді.

Былыр күздегі Қостанайдағы өрттен бері саланың жабдықталуы күрт жақсарып кетті деп айту қиын. Мысалы, биылғы мамырдағы сол Үкімет отырысында ТЖМ бірінші вице-министрі Ибрагим Күлшімбаев төтенше жағдайды жоюға тартылатын әуе кемелері үшін жаңа су шашатын құрылғыларды сатып алу мәселесі әлі күнге пысықталып жатқанын алға тартты. Демек апат үшін ТЖМ айыпты деп танылса, құтқарушылар сұраған қаржыны бермей, саладағы ахуалды осындай аянышты жағдайға жеткізген Ұлттық экономика, Қаржы министрлігі дегілер сүттен ақ, судан таза.

Шынында Үкімет биыл тілсіз жауға тегеурінді қарсылық таныту қажеттігін өте жақсы білді. «Қазидромет» биылғы жаздың жылдағында ыстық өрі құрғақ болатынын ескерткен. Әсіресе, еліміздің батысы мен шығысында және оңтүстігінде өрт қаупі күшеюі мүмкін. Тіпті, шетелдік мамандар да Қазақстанда температуралық аномалиялар тіркеліп жатқанын ескертті.

ОРАП ЖАТЫР ОТ-ЖАЛЫН...

Абай облысында 14 адамның өмірін жалмаған жалынның беті әлі қайтар емес. Өңір-өңірден ағылған өрт сөндірушілер мен техникаға да, тікұшақтардан тонналап төгілген суға да ауыздық бермеген асау оттың қою түтіні көршілес Жетісу облысына да жетті. Мұқым елдің назарын Абай жеріне аудартқан жалын 8 маусымда тұтанған еді. Бірақ бұл жалынның 2 күннен соң бет қатпайты кететіндігінен көпшілік хабарсыз болатын.

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

8 маусым, сағат 12:03.

Семей қаласынан 25 шақырымдай қашықтықтағы Батпаев орман шаруашылығының 66-кварталында өрт шықты. Екі рет жай түскендіктен тұтанған қызыл жалын тез арада ауыздықталған жоқ. Оған себеп — «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты техникасының биік құм төбелерде орналасқан аймаққа жете алмауы еді. Техника барғанша, өрт аумағы 20 гектарды құрады. Ми қайнатар ыстық пен екпінді желдің салдарынан тілсіз жау екі сағаттың ішінде 200 гектар аумақты жалмап кетті...

Өртті сөндіруге 158 адамнан тұратын «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты, Абай облысы Төтенше жағдайлар департаменті, жергілікті атқарушы органдар мен Қорғаныс министрлігінің жеке құрамы және техникалары жұмылдырылды. Сондай-ақ Өскемен, Астана, Қарағанды қалаларының құтқару бөлімшелерінің қызметкерлер мен арнайы құралдар жіберілді.

9 маусым, сағат 08:57

Арада 1 тәулікке жуық уақыт өткен соң төтенше жағдайды тізгіндеуге 4 тікұшақ тартылды. Олар әуеден 12 рет жалпы көлемі 30 тонна болатын су төкті. Оқиға орнына Төтенше жағдайлар министрінің орынбасары Марат Күлдіков келді. Жер-

гілікті атқарушы органдар Бородулиха ауданында Островский атындағы орта мектеп пен колледжде эвакуациялық пункттерді орналастырды.

9 маусым, сағат 13:00

Орман өртіне байланысты жедел штаб құрылды. Абай облысындағы Успенское, Поднебесное және Барышевқа ауылдарының тұрғындары өз бетінше басқа аймақтағы туыстарының үйлеріне орналасты. Бұл елді мекендерде шамамен 200-ге жуық шаңырақ бар. Барышевқа ауылындағы 2 тұрғын үйге өрт тиді...

Аталған елді мекендерді қорғауға 122 адам мен 30-дан астам техника жіберілді. Таңғы сағат 6 жарымнан бастап вице-министр мен облыс әкімінің орынбасары МИ-2 тікұшағында өрт аймағына аэровизуалды барлау жүргізді.

9 маусым, 16:30

Қызыл жалынмен күресте 700-ге жуық адам, 177 техника, 6 тікұшақ жүрді. Авиацзиялық техника 80 рет жалпы көлемі 192 тонна болатын су төкті. Камышенқа ауылы маңындағы Камышен орман шаруашылығында, Қаштак бағытында, сондай-ақ Успен ауылында өрт өршіп тұрды. Орман өртіне байланысты Семейде төтенше жағдай жарияланды.

Іле-шала жалынмен жан алысып, жан берісіп арпалысып жатқан 14 орманшымен байланыс үзілді...

9 маусым, сағат 18:01

Арада 2 сағат өткен соң өрт сөндіріп жүрген 3 қызметкердің қаза тапқаны мәлім болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильинге оқиға орнына жедел барып, өрт сөндіру жұмыстарын басқару міндетін жүктеді. Сондай-ақ Үкіметке және Абай облысының әкімдігіне қаза тапқан орман шаруашылығы қызметкерлерінің отбасына қажет барлық көмекті көрсетуді тапсырды.

Абай облысының Бородулиха ауданындағы орман өртін сөндіруге 800-ге жуық адам, 200-ге тарта техника және

9 тікұшақ жұмылдырылды. Осы күні таңертенгі сағат 5:35-тен бастап тікұшақтардан 93 рет жалпы көлемі 263,5 тонна болатын су төгілді.

Өрттің таралуына жол бермеу үшін орман аймағына іргелес орналасқан Тәуелсіздік, Пионерская көшелері мен Южный шағынауданы аумағындағы жер жырылған.

9 маусым, сағат 22:00

Болып жатқан оқиғаға жаны ауырған жұртшылық жанұшыра жәрдем беріп бағуда. Жергілікті халық ауылдық округтерден ыстық тамақ дайындап, әкеліп жатыр. Бір күннің ішінде өрт болған аумаққа қап-қап ет пен көкөніс, қорпа-қорпа консерві, жүздеген келі дәнді дақыл жеткізілді. Оған бөлек, өрт сөндірушілерге ауыз су, ыдыс-аяқ және жеке күтім құралдарын ұсынып жатқандар қаншама...

10 маусым, сағат 00:55

Семей билігі 800 адам сыятын тоғыз эвакуациялық пункт дайындалды. Халықты жедел эвакуациялау үшін 10 автобус жіберілді.

Ормандағы өртті сөндіруге Қызылорда, Қарағанды, Алматы облыстарынан қосымша күштер келіп жатыр. Өрт аумағы 60 мың гектардан асты... Өрт Талица, Қаштак, Барышевқа, Успенқа, Поднебесное және Камышенқа елді мекендеріне қарай үш бағытта таралауда.

Үшінші күн дегенде ауа райының беті бері қарап, орманға сіркіреп жанбыр жауды. Аспаннан жауынмен бірге үміт себілгендей болды...

10 маусым, сағат 14:35

Жағдай біртіндеп тұрақтанғанымен, сөндіру керек бірнеше өрт ошағы бар. Төменгі жақта жалын әлі күшінде. Тілсіз жау тізгінделген аймақтағы халық жайлап үйлеріне оралып жатыр.

10 маусым, сағат 20:13

Өрт сөндіруге 1 жарым мың адам мен 300-ге жуық техника тартылған. Бүгінге



дейін тікұшақтар әуеден 486 рет жалпы көлемі 1 мың тонна болатын су төкті.

Қып-қызыл жалынмен арпалысып, қаза тапқандар саны 14-ке жетті. Президент К.Тоқаев Семей жеріне келіп, шұғыл әрекет ету штабының отырысын өткізді және өрт кезінде қаза тапқан орман шаруашылығы қызметкерлерінің туыстарымен кездесті. Осы қайғылы жағдайға кінәлілердің бәрі заң бойынша жауапқа тартылатынын және марқұм қаһармандардың отбасыларына міндетті түрде көмек көрсетілетініне уәде берді.

11 маусым, сағат 11:40

Екі елді мекенде өрттің жаңа ошағы анықталды. Алдыңғы күндерге қарағанда, жел күшейіп, онсыз да ауыздықтау мүмкіндік болмай тұрған қып-қызыл тажалды одан әрі қытыртып тұр.

Президент Абай облысында өртенген орман алқабын тікұшақпен аралап шықты.

Семей орманындағы өрт бойынша қылмыстық іс қозғалды. Өртке қатысты тергеу Қылмыстың кодекстің «Абайсызда екі және одан да көп адамның өліміне әкеп соққан өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу» бабы бойынша жүргізіледі. Тергеу жүріп жатқан бап бойынша бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

11 маусым, сағат 22:31

Өрт Таврия ауылындағы Қаштак орманшылығына қарай бет алды. Техни-

Басқа жағынан, алғашқы ірі өрт сол кезде тұтана бастады. Мамыр айының басында Медеуде, Іле-Алатау ұлттық паркінде болған өртті сөндіру кезінде сержант Арслан Құрманбеков қаза тапты. Үкімет басшысы күн жылына бастағалы елімізде 120-дан астам табиғи өрт тіркелгенін білетінін айтқан.

Білсе, Үкімет барлық қаржылық ресурстарын Абай өңіріндегідей зұлмат пен нәубеттің алдын алуға жұмылдыруы тиіс еді. Олай болмаған соң, енді бет қатпас жалынмен арпалысқа түсуге мәжбүр.

Қостанай облысында былтыр болған өрт кезінде әшкереленгендей, тілсіз жауды тез арада сөндіру үшін Экология мен табиғи ресурстар және Төтенше жағдайлар министрліктері орман алқаптарының маңында су көздері мен өрт тоғандарын дайындауы қажет еді. Ол су қоймаларына баратын жол да реттелуі шарт. Сонда одан тікұшақтар да, өрт сөндіру техникалары да су ала алар еді.

Үрейлісі сол, Шығыс Қазақстан — еліміздегі ең сулы өлке. Қазақстанның бүкіл су ресурстарының 59 пайызға жуығы шығыс және оңтүстік-шығыс өңірлерімізде шоғырланған. Онда шөлді, шөлейтті, қуаншылықты өңірлердің халі не болмақ? Сол қалпымен отқа орана ма?

Мамандардың айтуынша, Абай облысындағы екпін қатты өкпек желдің кесірінен өрт жолақтарды, жасанды келергілерді кесіп өтіп, орманға, елді мекенге қарай онай жылжыған. Жаһандық климаттың өзгеруі, температуралық аномалиялардың жиілеуі территориясының 70 пайызға жуығын шөл және шөлейтті жерлер құрайтын Қазақстаннан төтенше жағдайлармен күрес саласына мол қаржы бөлуді талап етеді. Әйтпесе, Абай облысында орта ғасырлардағыдай, өрттің шеттерін, етегін шыбықпен сабапал, оған топырақ шашып жүрген өрт сөндірушілердің әрекеті төм аянышты-ақ.

ТЖМ де, Экология министрлігіне қарасты «Қазвиаорманкорғау» да негізінен кеңестік, ресейлік шағын тікұшақтармен қабдықталған. Дамыған елдердің тәжірибесі мен техникасын игерген жөн. Бірақ барлығы қаржыға тіреледі. Үкімет резервінен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жұмыстарына тартылатын тікұшақтарға 26 жаңа су шашу құрылғысын сатып алуға 623 млн теңгелей бөлінді. Үкімет дерегіне, құтқарушылардың әуе паркі өрт сөндіру, адамдарды қауіпті аймақтардан эвакуациялау және басқа ТЖМ міндеттерін орындауға бейімделген Ми-8 тікұшақтарымен толықтырылады.

Ең бастысы, Жер қызуы көтеріліп бара жатқан, табиғи апаттар және геосаяси қақтығыстар өршіген заманда құтқарушылардың, өрт сөндірушілердің қызметіне деген көзқарас өзгергені, құрмет артқаны жөн. Ел Президенті биліктерінің кәсіби салғырттығын, адамдардың тағдырына бей-жай қарайтынын сынап, төтенше жағдайлармен күресті күшейту бағытында сапалы, дұрыс жұмыс атқарылмағанына назар аударған. Бұған дейін қолға алынбаған іске енді серпін беріле ме?

Елдос СЕНБАЙ

ГИБРИДТІК ОҚЫТУ – ТРЕНД ЕМЕС, АЛҒЫШАРТ



Coursega компаниясының бас атқарушы директоры Джефф Маджонкальда «Coursega қазақ тілінде» жобасына қатысушы 25 аймақтық университет басшыларымен, өкілдерімен және студенттермен кездесті. Жиынға келгендер өңірдегі оқу орындарының академиялық әлеуетін арттыруға бағытталған жобаның алғашқы нәтижесі қандай болғанына көз жеткізді.

Айдана НҮРМҰХАН

Astana IT University ғимаратында өткен кездесуге Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының төрағасы Болат Жәмішев, Coursega компаниясының бас атқарушы директоры Джефф Маджонкальда, BMG Upskill компаниясының басшысы Рауан Кенжеханұлы мен Coursega өкілдері қатысты.

Coursega – Стэнфорд, Йель сияқты әлемдегі ең таңдаулы деген 170 университеттің оқу курстары мен Google, Microsoft, META секілді алпауыт 75 компанияның маман дайындау және біліктілікті арттыру курстары жинақталған кешенді білім беру платформасы. Сапалы білім мен тұрмысқа, қызмет барысына қажет дағдыларды кенінен тарату мақсатында әлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындары мен технология алыптарын біріктірген ірі білім беру ұйымы. Бұл платформаны әлемнің 200 елінде 110 млн адам қолданады. Компания басшысы Джефф

Маджонкальда жиында білім беру жүйесінің болашағы мен еңбек нарығындағы мүмкіндіктер, өзгерістер, жанашылдықтар туралы айтты.

«Жоғары оқу орындары студенттерінің цифрлық дәуірде өркендеп, дамуына қажетті маңызды дағдыларды үйрету үшін Ғылым және жоғары білім министрлігімен күш біріктіргенімізге қуаныштымыз. Бұл ынтымақтастық еңбек нарығында сұранысқа ие машықтарды дамытатын білім беру бағдарламаларына сұраныс бар екенін көрсетеді, сондай-ақ Үкімет пен жоғары білім беру жүйелері Coursega көмегімен бүкіл студенттер контингентін кәсіби дағдыға үйрете алатын тиімді модель ретінде қызмет етеді. Coursega жобасының аясында бірқатар зерттеу жүргізіп келеміз. Сонда байқағанымыз, бүгінде жұмысқа орналасуға ниетті жас маманнан жоғары оқу орнында оқыған негізгі мамандығының дипломымен қатар замана ағымына жылдам бейімделгені, жаңа дәуірдің машықтарын уақытылы меңгергені талап етіледі. Мәселен, қазір жұмыс берушілер кез келген маман иесінің кәсіби білікті

болып қана қоймай, үлкен деректермен, жасанды интеллектпен жұмыс істеу, ұжымдық іс-шараларды ұйымдастыру, әлеуметтік желілердің тиімді тетіктерін меңгеру сынды машығының болғанын күп көреді. Бұрынғырақ дүниежүзі бойынша таланттар тең үлестірілген, тек мүмкіндіктер әртүрлі болды деп келсек, бүгінде баршаға бірдей мүмкіндік жасалған. Өйткені жұмыс берушілер компаниясына лайықты маманды әлемнің түкпір-түкпірінен іздеп таба алады. Coursega платформасында заманауи дағдыларды үйренуге мүмкіндік беретін алдыңғы қатарлы оқу орындары мен технология алыптарының курстары топтастырылды», – деді Джефф Маджонкальда.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек елімізде білім беру жүйесіндегі инфрақұрылым тапшылығын толыққанды шешу мүмкін емесін айта келе, толыққанды онлайн немесе аралас білім беруді дамытудың маңызына тоқталды.

«2025 жылға қарай студенттердің саны 800 мыңға көбейеді деген болжам бар. Бүгінгі 600 мыңнан астам студент үшін 200 мың аудиториядағы орын мен 55 мың жатақханадағы орын тапшылығы бар. Әлбетте, бұл мәселені шешу үшін мемлекет қыруар қаражат бөліп жатыр. Әйтсе де, инфрақұрылым тапшылығын түбегейлі шешу мүмкін емес. Өйткені студент саны жыл санап өсіп жатыр, бұл көрсеткіш 800 мың, миллионға жеткенде аталмыш проблемамен қайтадан бетпест келеміз. Сондықтан білім беруді толықтай онлайн немесе гибридік, яғни аралас жүйеге көшіру – заманауи тренд емес, алғышарт. Сол арқылы инфрақұрылым тапшылығын шешуге мүмкіндік туады», – деді министр.

«Coursega қазақ тілінде» жобасы аясында әлемнің үздік профессорларының курстары қазақ тіліне аударылып жатыр. Бұл жұмыс Coursega-ның техникалық және әдістемелік қолдауына сүйеніп отырып жүзеге асырылуда. Қазір 50 курс қазақ және орыс тілдеріне толықтай аударылып, платформаға жүктелген және келесі 50 курстың аудармасы аяқталып, платформаға жүктеліп жатыр. Аударма жұмысы жалғасады.

«Бүгінгідей жаһандану мен цифрландыру жағдайында халықаралық еңбек нарығындағы бәсекеңін артуы ұлттық



білім беру жүйесінің ашық әрі бәсекеге қабілетті, үздіксіз оқу мен кәсіби дағдыларды дамытуға жол ашатын икемді үлгісіне қажеттілік тудырды. «Coursega қазақ тілінде» жобасы аясында әлемнің ең үздік профессорларының курстарын қазақ тіліне аударуды бастадық. Бұл – еліміздің болашағы, тіліміздің әлеуеті, білім сапасын көтеру тұрғысынан өте маңызды бастама», – деп толықтырды Саясат Нұрбек.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры мен Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен жүзеге асып жатқан «Coursega қазақ тілінде» жобасы аясында қазақ тіліне 654 курс аударылып, еліміздегі 25 өңірлік жоғары оқу орнының 19 300 студентке осы курстардан өту мүмкіндігі беріледі. Қазір бұл университеттерде жалпы саны 155 мың студент білім алады.

«Бұл жоба қазақстандық студенттерге заманауи білім алып, жаңа трендтерді меңгеруге жол ашады, еңбек нарығында жоғары білікті және сұранысқа ие маман атануына, сондай-ақ қазақ тілінің өзектілігін арттыруға мүмкіндік береді деп ойлаймыз. Биыл түлектердің 75 пайызы қазақ тілінде ҰБТ тапсырды және бұл әлемдік үздік курстардың мазмұнын қазақ тіліне аудару сұранысқа ие екенін көрсетеді. Әрі бұл көрсеткіш жыл санап арта түседі», – деді «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының төрағасы Болат Жәмішев.

Қазір аймақтық 25 оқу орнының студенттері жалпы 26 мыңнан аса курсты аяқтады. Соның ішінде курстарды 11 358-і – қазақ тілінде, 8 653-і ағылшын, 6 096-ы орыс тілінде өткен. Қазақстандық студенттер арасында «Кәсіпкерлік: кәсіптің негізін қалау», «Командаларға жетекшілік ету: көшбасшы ретінде даму», «XXI ғасыр жұмыс орнындағы қарым-

қатынас», «Кәсіби және жеке өнімділікке арналған уақытты басқару», «Инженерлерге арналған дифференциалдық тендеулер», «Проблеманы тиімді шешу және шешім қабылдау» деп аталатын курстар жоғары сұранысқа ие болды.

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінде «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамсыздандыру» мамандығын оқып жатқан студент Сағыншы Мұратбекқызы Coursega платформасында курстар жана әрі заманауи дағдыларға үйрететінін айтады.

«Бұл білім алаңының берері көп. Онда әртүрлі сала бойынша түрлі-түрлі тақырыпты курстар бар. Әрі білім алып қана қоймай, шетелдегі белгілі де беделді жоғары оқу орындарының сертификатына ие боласын, бұл үлкен мотивация береді. Курстардың мазмұны жинақы, пайдалы, көп үйренген сайын қызығушылығым артып жатыр. Бұл платформада контентті тез қабылдауды үйрендім. Алдағы уақытта да бірқатар курс оқитын ойым бар. Болашақтағы мамандығымды толықтыратын курстар көп білім мен мотивация сыйлайтынына сенемін», – дейді студент.

Coursega 200-ден аса мемлекетте жоғары халықаралық талаптарды сақтай отырып жұмыс істейді. Платформада барлық сала мен бағытты қамтитын жалпы саны 10 мыңнан аса курс бар. Coursega-ның Қазақстандағы жергілікті ресми серіктесі – BMG Upskill компаниясы. Бұл ұжым COURSEGA-QAZAQSTAN платформасын дайындап, өңірлердегі университеттерде Coursega бөлімдерін құрды.

Кездесу барысында «Coursega курстары оқу процесінде қолданатын үздік халықаралық университеттердің тәжірибесі» тақырыбындағы уоркшоп өтті. Жиын Coursega платформасындағы курстар сәтті өткен студенттерді марапаттаумен аяқталды.

ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕПТЕР ЖАРЫЛҚАЙ МА?

Жекеменшік мектептердің білім сапасына ықпалы жайындағы пікір сан алуан. Көпшілік мұндай оқу ордалары сапаға серпін бергенімен, оның арғы жағында табыс табуды ғана ойлайтын кәсіпкер тұрғанын айтады. Әрі мемлекеттік мектеп пен жекеменшік мектепте оқитын оқушылардың білім сапасындағы айырмашылықты мысал ететіндер көп. Осының өзі әлеуметтік теңсіздіктің мектеп партасынан басталатынын көрсетеді.

Жанел ҚҰТТЫБАЙ

Соған қарамастан елімізде жекеменшік мектептердің саны артпаса кеміген жоқ. Қазірдің өзінде жекеменшік иелігіндегі 600-ге тарта мектепте 60 мыңнан астам оқушы білім алып жатыр. Бізде жекеменшік мектептердің көбеюі мектеп тапшылығын жоюдың қадамы ретінде қарастырылады. Мектеп тапшылығын онтайлы пайдаланған кәсіпкер бұл саланы табысты бизнестің көзіне айналдырып алғандай. Бір ғана Астана қаласының өзінде 2022-2025 жылдар аралығында 14 ақылы мектеп ашу жоспарланған екен.

Ата-аналар балаларын оқыту-тәрбиелеу ісі соңғы үлгідегі заманауи құрал-жабдықтар жабдықталған орында жүргізілетін, әр баланың қарым-қабілетіне қарай үйірмелері бар мектептерге бергісі келеді. Олардың оқушыларға үш тілде білім беруі және шетелдің озық әдісін қолдануын да басты артықшылық санайтындыр көп. Мұндай мектептер күн ұзаққа жұмыстан қолы босамайтындырға ыңғайлы. Жекеменшік мектептердің көбі танертеннен күн батқанға дейін баланы оқытып, түрлі үйірме арқылы қарым-қабілетін шыңдап, тіпті үш мезгіл тамақтандырады.

– Жұмыспен қарбаласып жатқан сон баланы сабағын қадағалауға мүмкіндік жоқ. Үйірмелерге апарып келуге де уақыттың ыңғайы келе бермейді. Сол себепті жекеменшік мектепті таңдадық. Педагогикалық ұжым тәжірибелі ма-



мандардан құралған. Ең бастысы, мұндай мектептерде балаға қажеттінің бәрі бар. Сондықтан баламды жекеменшік мектепке сеніп тапсыра аламын. Таңнан кешке дейін мектепте сабағын оқып, мұғалімдерімен жеке жұмыс жүргізеді. Үйірмелерге де барады. Бұл біз үшін тиімді. Әрине, бағасы қымбат болғанымен, балаға да, бізге де қолайлы, – дейді ата-ана Рыстыгүл Әлиева.

Ал елордадағы жекеменшік мектептің бірінің директоры Мейрам Жақенов оқу ордасындағы білім беру процесінің ерекшелігі көп екенін алға тартады.

– Жаңа оқу жылынан бастап біздің мектеп физика-математика бағытында жұмыс істейді. Бастауыш мектепте білім беру Elementary Trilingual Program тәсілінде жүргізіледі. Оқыту процесінде STEAM, жеке-саралап оқыту тәсілін қолданатынмен, бала өз бетінше дамуды қуаттайтын бірегей Сингапур әдістемесін қолданамыз. Домбыра, фортепиано, логопед, көркемөнер, үшінші сыныптан бастап екінші шет тілі (қытай тілі), шахмат, робототехника, спорттың командалық түрлері бар.

Негізгі мектепте үш модульден тұратын Secondary School Program атты ерте

кәсіби бағдар беруге бағытталған курсымыз бар. Жоғары мектепте білім беру High School Program бағдарламасы арқылы жалғасады. ҰБТ-ға кезек-кезмен дайындық жүргізіліп, беделді оқу орындарына түсудің жолдарын қарастырып, халықаралық IELTS және SAT емтихандарына дайындықты да осы кезден бастаймыз, – дейді жекеменшік мектеп директоры Мейрам Жақенов.

Негізінен, көптеген ата-ана жекеменшік мектептегі оқушыларды құнарлы тамақтандыратынына қызығады екен. Өйткені олар мемлекеттік мектеп асханасын жиі сын тезіне алады. Бұлай болатын жөні де бар. Биыл сәуір айында Семейде 13 жастағы оқушы мектеп асханасында тамақтану кезінде қайтыс болғанын көпшілік ұмыта қойған жоқ. Оған алғашқы медициналық көмек көрсетілгенімен, бала жедел жәрдем келгенге дейін қайтыс болды. Медициналық сараптама баланың тамақтың ірі кесектеріне шашылып, тыныс алу жолдарының жабылуына байланысты механикалық асфиксиядан көз жұмғанын растады. Аталған факт бойынша қылмыстық іс қозғалды. Жақында павлодарлық ата-аналар әлеуметтік желілерде мектептегі

азық-түлік сапасына шағымданған. Олардың айтуынша, балаларға дәмсіз тағамдар беріледі. Ал түскі астан кейін оқушылардың іші ауырады екен. Осыдан-ақ асхана мемлекеттік мектептердің осал тұсы екені аңғарылады. Есесіне жекеменшік мектепте мұндай мәселе жоқ. Сондықтан таңдауы дәл осындай білім ордасына түскен ата-ананың көңілі, ал баланың қарны тоқ.

Әрине, жекеменшік мектептің жылдық оқу ақысы қалтаға салмақ салады. Ірі мегаполистерде оқу ақысы тіпті 1 миллион теңгеден асады. Мұндай баға сөз жоқ, кәсіпкерлердің қызығушылығын туғызады. Мұндай да сапаның ескеріле бермейтіні де түсінікті. Педагог Келдібай Берлібайұлының да пікірі осыған саяды.

– Қазір жекеменшік мектеп ашып, табыс табуды көздейтіндер көбейді. Бұл сөз жоқ, білім сапасына ықпал етеді. Сондықтан салалық министрлік жекеменшік мектептерге тексеріс жүргізуі керек. Мектеп дүкен секілді табыс көзі емес, бұл – білім беретін орын. Саудаға айналдыра берсек, білім сапасы төмендейді.

Бұған қоса, жекеменшік және мемлекеттік мектепте оқитын балалар арасында әлеуметтік теңсіздік орнайды.

Баланың дамуына арналған қосымша курстарға баласын ақшасы бар ата-ана ғана жібереді. Ал жағдайы жоқ оқушы қанша жерден дарынды болса да, қабілетін шындай алмай, қалып қояды, – дейді ол.

Жекеменшік мектептер оқыту-тәрбиелеуде әлемдік тәжірибеге иек артады дегенімізбен, әлемде мұндай оқу ордаларына қатысты көзқарас әркілі. Мәселен, Германияда жекеменшік мектеп көп емес. Елдің кей жерлерінде халық саны өсіп, мектептерде орын тапшылығы байқала бастаған соң жеке мектептер пайда болған. Бізде басты ерекшелігі, жекеменшік мектептер мемлекет есебінен қаржыландырылады. Сондықтан мұндай оқу орнында білім алу әр отбасы үшін қолжетімді. Біздің жекеменшік мектептегідей оқу ақысы тым қымбат емес. Қарапайым отбасының бюджетіне шақталған. Үндістанда да жекеменшік мектептердегі оқу ақысы тым қымбат емес. Есесіне көпшілікті мұндай мектептерде оқушылардың сапалы білім алуына бар жағдай жасалғаны қызықтырады.

Ал Ұлыбританияда жекеменшік мектептердің өз дәрежесі бар және оқу ақысы өте қымбат. Мемлекет оларды тексермейді. Керісінше, академиялық еркіндік береді. Соның ішінде мемлекеттік стандартты орындау міндетінен босатылған. Финляндияда жекеменшік мектептер сирек. Мұндағы жекеменшік мектептер мемлекеттік мектептерде оқып жатқан сирек пәндерді оқытуымен ерекшеленеді. Қытай жекеменшік мектептері толықтай мемлекеттің бақылауында.

Қалай десек те, мектеп табыс табатын емес, ұрпаққа тәлім-тәрбие беретін орын екені белгілі. Демек, жыл санап көбейе түскен жекеменшік мектептердің барлығында сапалы білім беріледі деу де жаңсақ пікір. Әлбетте, таңдау ата-ананың өз еркінде. Солай екен деп мектеп оқушыларының арасындағы әлеуметтік теңсіздікке жол беруге болмайды. Жеке және мемлекеттік мектептер арасындағы таласа бұл теңсіздік білім сапасына тікелей байланысты екенін ұмытпағанымыз абзал.



Балалардың демалысы басталса, үлкендердің ұйқысы қашады. Өйткені ойын баласын үйде ұстау қиын. Ал саябақтағы өткеншектердің қауіпсіздігіне кепілдік жоқ. Олай деуімізге себеп, сапасыз аттракциондардың мәселесі жыл сайын көтеріледі.

Бірақ балалардың ойын алаңына өткеншек орнатып, табыс табуға ниеттілердің қауіпсіздікті қаперге алатын түрі байқалмайды.

АЛАҢСЫЗ ОЙЫН АРМАНҒА АЙНАЛДЫ

Жадыра МҮСІЛІМ

БЕС БАЛА ЖАРАҚАТ АЛДЫ

Бірер жыл бұрын бір топ депутат саябақтағы ойын алаңдарының қауіпсіздігін қаперге алу туралы мәселе көтерген-ді. Айтуларына қарағанда, Алматыдағы «Көк-Төбе» саябағындағы Катапульта аттракционнан секірген жасөспірім бес метр биіктіктен құлап, қол-аяғын сындырған. Оның арғынша Қарағандыда қатты желден үрлемелі аттракцион аударылып, 12 жасар бала зардап шегіп, тағы бірнеше бала ауыр жаракат алыпты. Есте болса, елордада да үрлемелі батут желдің екпінінен аударылып, үш жас-тан жеті жасқа дейінгі бес бала ауыр жаракат алған болатын. Сол жылдары Алматыда да 28 панфиловшылар саябағында балаларға арналған жүк тиегіш көлік қатқан бұлдіршінді аман алып қалу мүмкін болмапты. Ал жақында Петропавл қаласының орталық саябағындағы аттракциондардың бірі істен шығып, тағы да бес бала жаракат алды. «Гусеница» деп аталатын өткеншек «Мир аттракционов» ЖШС-ның иелігінде болған. Олардың берген мәліметіне сенсек, сол күні өткеншекке келгендердің қарасы қалың болып, құрылғыға үлкен жүктеме артылыпты. Оның үстіне, «Гусеница» өткеншегінің істен шығуына жоғары ауа температурасы да әсер еткен көрінеді. Қазір қауіпті өткеншек тоқтап тұр. Ойын-сауық орталығы мамандары болса, саябақтағы барлық аттракцион жыл сайын пайдалануға берілер алдында тәуелсіз зертхананың тексерісінен өтеді деп отыр. Бір қызығы, жылда тексерістен өтетін темірдің ауа райына да төтеп берер күші жоқ екені күдікті көбейтеді.

Осыдан екі жыл бұрын да Оралда осындай оқиға болған. Ол кезде де жауапты мамандар өздерінің қызметіне шаң жуытпай бақты. Мұнда да орталық саябақта алаңсыз асыр салған бұлдіршіндер сапасыз өткеншектен жазым бола жаздаған. Сөйтсе, соңғы тексерістен кейін белгілі болғандай, ойын-сауық құрылғыларының сапасы жергілікті атқарушы органдар тарапынан мүлдем тексерілмейтін болып шыққан еді. Жазым бола жаздаған бұлдіршінің өкесі Мұралым Идрисовтің айтуынша, «Калейдоскоп» деп аталатын айналмалы құрылғы орнынан қозғалған бойда кілт тоқтап, ішіндегі бұлдіршіндер темір жақтауға бірнеше рет соғылыпты. Сол оқиға салдарынан 8 бала түрлі дене жаракатын алған екен. Отырғанларды ұршықша айналдыруға арналған өткеншек 9 жыл бұрын әкелінген. Ең сұмдығы, сол жердегі техник мамандар 7 жастан төмен балаларды отырғызуға болмайтын өткеншекке 5 жастағы балаға да рұқсат беріпті. Осы оқиғада аттракциондар саябағы директорының орынбасары Антон Ротштайн «темірдің сапасына 100 пайыз кепілдік жоқ» деп ақталғаны есте. Техникалар кез келген уақытта сынып қалуы мүмкін екенін айтқан ол: «Біз қазір бұл құрылғының қалай істен шыққанын білмей жатырмыз. Зардап шеккен балалар үшін емдік шығынын өтеуге немесе моральдық шығынды төлеуге дайынбыз» дегені бар. Емдік шығынын өтеген күннің өзінде денсаулығын 100 пайыз орнына келтіріп, жазым болса, жана өмір сыйлауға кепілдік бола алмайтынын білмегені қалай?

ЖАҢА АТТРАКЦИОН ЖАРАҚАТ КҮЙДЕ

Быттыр Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында Республика күніне орай тарту ретінде берілген жана демалыс паркіндегі «Колесо обозрения» аттракционның бос кабинасы істен шығып, жарамсыз болған видеосы әлеуметтік желілерде кеңінен тарады. Соның алдында ғана Сыр өңірінің әкімі заманауи үлгідегі мәдени нысанды аралап, тұрғындардың қуанышына ортақтасқан-ды. Жоба құны 790 миллион теңгені құраған заманауи нысан ашыла сала апатты жағдаймен елдің есінде қалды. Абырой бол-

ғанда, аттракционның жарамсыз екені туралы бейнежазбадан кейін өткеншек жұмысын тоқтатыпты. Ал қауіпті құрылғы туралы ақпарат әлеуметтік желіге салынбағанда қанша адамның өміріне қауіп тудырары белгісіз. Сонда дейміз де, апатты жағдайда тұрған аттракцион алдын ала тексерістен өткізілмеген бе?

Таяуда ғана Шымкент қаласындағы демалыс саябағындағы балалар «Бәйтерек» каруселінің ең жоғарғы айналымында тұрып қалды. 30 метр биіктіктегі құрылғыны қайта іске қосу біраз қиындық тудырған. Абырой болғанда, апатты өткеншекті мамандар әрең дегенде төмен түсіріпті. Ал аттракционды іске қосу мүмкін болмағанда тоғыз қабатты үйдің биіктігіндей жерде тұрған бұлдіршіндер ғана емес, ересектердің өзі жүректен инфаркт алатын еді.

гізіліп, оның қауіпсіздігін өнеркәсіптік қауіпсіздік лицензиясы бар мамандандырылған компания толық тексерістен қайта өткізеді. Олар металдың қалыңдығын, түйіндік және болтты қосылыстарға дейін қарап шығады екен. «Бізге келушілердің қауіпсіздігі қажет. Сондықтан мұндай тексеріс міндетті түрде жасалуы тиіс. Олардың рұқсаты берілгеннен кейін ғана аттракциондарды қолдануға жібереміз. Одан бөлек, механиктер күн сайын таңертең техникалық қауіпсіздік инженерімен бірге әр аттракционды тексеріп шығады. Кез келген күдікті шу немесе басқа да түсініксіз нәрсе болса, өткеншек ол күні іске қосылмайды. Қауіптілігі болса механик аттракцион операторына тапсырады. Оның барлығын техникалық қауіпсіздік инженері журналға күн сайын жазып жүреді», — дейді Гайни Темірғалиұлы. Оның айтуынша, аттрак-



Ербекұлы ДҮЙСЕВБАТ (қолжазба)

“

Маманның сөзіне сенсек, ойын алаңдарын бақылау тиісті алгоритм бойынша жүргізілсе, оқыс оқиғаның алдын алуға болар еді. Өкінішке қарай, бақылау болмағандықтан, аттракциондар да қауіпті орынға айналағанды. Мәселен, травматолог Олжас Жүнісов жаз шықса жаракат алған бұлдіршіндердің саны артатынын айтады. Жарақаттардың басым бөлігі ойын алаңдарына тиесілі. Себебі демалыста балалар көп уақытын ойын алаңдары мен саябақтарда өткізеді.

ЕРЕЖЕ ЕСКЕРІЛЕ МЕ?

Ереже бойынша елдегі ойын-сауық құрылғыларының сапасы мемлекеттік органдар тарапынан ұдайы тексерілуі тиіс. Бұл ретте аттракциондарға қатысты ұлттық стандартта бекітілген міндеттемелер де бар. Құжатқа сәйкес, оқыс оқиға болған жағдайда өткеншектің иесі немесе құрылғыны пайдаланушы өз тарапынан тексеріс жүргізе алады. Ал құрылғылардың қауіпсіздігіне жергілікті атқарушы органдар бақылау жүргізуі тиіс. Алайда соңғы бірер жылдағы апатты аттракциондардан төнген қауіп зер салсақ, елдегі экстремалды ойын-сауық құрылғыларының барлығы талапқа сай келмейтіндей.

Саябақтардағы ойын құрылғыларының сапасы қалай тексерілуі керектігін білу мақсатында елордалық саябақ өкілдеріне шықтық. Олар қаладағы барлық аттракцион талапқа сай жұмыс істейді деп сендіреді. Magic PARK Astana «ЖШС» директоры, Астанадағы орталық паркіннің басшысы Гайни Хасенов «аттракциондарды әр маусымның басында механиктер мен инженерлердің техникалық қызметі тексерістен өткізеді», — дейді. Кемшіліктер табылса, жөндеу жұмыстары жүр-

циондар ғана емес, саябақтағы үрлемелі батуттарға дейін қолдануға бермес бұрын механиктер қызметі арнайы құрылғы арқылы желдің күшіне дейін қадағалайды.

Маманның сөзіне сенсек, ойын алаңдарын бақылау тиісті алгоритм бойынша жүргізілсе, оқыс оқиғаның алдын алуға болар еді. Өкінішке қарай, бақылау болмағандықтан, аттракциондар да қауіпті орынға айналағанды. Мәселен, травматолог Олжас Жүнісов жаз шықса жаракат алған бұлдіршіндердің саны артатынын айтады. Жарақаттардың басым бөлігі ойын алаңдарына тиесілі. Себебі демалыста балалар көп уақытын ойын алаңдары мен саябақтарда өткізеді.

«Ауыр жаракатпен түсіп жатқандардың көбі үлкендердің қадағалауынсыз ойын қуған балалар. Әсіресе, ойын алаңқайларындағы сапасыз өткеншектерден секіріп мертіккендер жиі кездеседі. Мысалы, қазір Астанадағы №2 қалалық балалар ауруханасында тәулігіне 400-ден астам бала травматологтің көмегіне жүгінеді. Олардың көбі ауыр жаракаттанған», — дейді дәрігер.

Маманның сөзінен ұққанымыз сол, ойын алаңдарындағы өткеншектердің дені қауіпті. «Быттыр бір бала ескі ойын алаңында сынып тұрған сырғанақта ойнап жүріп ауыр жаракат алған. Қолының жартысын ілініп тұрған темір шауып түсірген. Жаракаты ауыр болғандықтан, ота жасауға жібердік. Науқастардың көбі үрлемелі батуттар, ойын аттракциондары мен ойын құралдарынан құлап мерттеді. Аяқ-қол, бас жаракаттарымен, түрлі сынық пен көгерумен келеді», — дейді Олжас Азидиұлы.

Сондықтан дәрігер саябақ әкімшілігі ғана емес, әрбір ата-ана ойын құралдарының қолдану ережесімен мұқият танысуы қажет екенін алға тартады. Себебі бүгін қауіпті ойын аттракционына алынған билеттің аурухана төсегіне, тіпті о дүниеге жолдама болмасына ешкім кепілдік бермейді.

КЕСЕЛДІҢ КЕСІРІНЕН КАРАНТИНГЕ ЖАБЫЛДЫ

Жамбыл облысы Талас ауданында бүтін бір ауыл сібір жарасына байланысты карантинге жабылды. Тамды ауылына 15 күндік шектеу шаралары енгізіліп, елді мекенге төрт түлікті кіргізіп, шығару және ет пен сүт өнімдерін тасымалдауға қатаң тыйым салынып отыр. Облыстық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандарының айтуынша, індет мүйізді ірі қараны сою кезінде жұққан көрінеді. Қазір үш үйдің 35 мүшесі бақылауға алынған.



Саятхан САТЫЛҒАН

Ауру жұқтырған үш азамат аудандық ауруханада жатыр. Дәрігерлер науқастардың жағдайы қалайты екенін айтады. Ал облыстық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мамандары тұрғындарға вирус дертке шалдыққан малды сойғаннан жұққанын айтады.

Бұған дейін бір науқастың жағдайы жеңіл болғаннан кейін ауруханадан шығарылды. Қалған үш азамат ем қабылдап жатыр. Олар ауруға шалдыққан ірі малды рұқсатсыз сойғаны анықталды. Тағы бір жағдайда инфекция көзі анықталу үстінде. Бұл жағдайға байланысты тиісті тексеру жұмыстары жүргізілуде, — дейді Жамбыл облыстық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Нейли Мүлікбаева.

Эпидемиолог мамандар сойылған сиыр етін өлексе әрейтейін арнайы пеште жойған. Сондай-ақ мал сойылған аула толықтай залалсыздандырылыпты. Ауру ошағы анықталған үйлерден 21 сынама алынып, елді мекен ішінде төрт түлікті еркін жаюға айдап өтуге шектеу қойылып отыр. Десе де, мамандар үрейленуге еш негіз жоқ екенін алға тартады.

Тамды ауылының тұрғындары бұқа сүзген сиырды сойған. Ауру содан жұққан. Бұл бір ауылдың ішінде ғана болып отырған жағдай. Сондықтан даурығатындай еш нәрсе жоқ. Тек тиісті сақтық шараларын жасап жатырмыз.

Жамбыл облысында 100 жылдан бері келе жатқан 189 сібір жарасының ошағы бар. Олардың барлығы біздің бақылауымызда. Жылна 2 рет сынама алынып, тексерістен өткізіледі, — дейді Жамбыл облыстық Ветеринария басқармасының басшысы Нұржас Құрмантаев.

Әрине, барлығы мамандар айтқандай бақылауда болғаны жақсы. Алайда бүгін бір ауылдың карантинге жабылғаны ойлан-дырмай қоймайды. Осы ретте Тамды ауылы тұрғындарына хабарласып, елді мекендегі жағдайды сұраған едік.

— Жағдай қалайты. Тұрғындардың қозғалысына еш кедергі жоқ. Күнделікті тіршілігімізді емінеркін жасап жүрміз. Әрине, індет анықталды деген кезде қорыққанымыз рас. Алайда қазір бәрі тұрақталып келеді, — дейді Жансая есімді ауыл тұрғыны.

Негізгі ел ішінде індет жұқтырған отбасы өлген малды сойып алған» деген де ақпар тараған. Алайда эпидемиолог мамандар бұны жокқа шығарып отыр.

— Сиырды бұқа сүзгенде ауыр жаракаттанғаны рас. Алайда мал арам өлмеген. Соның алдын алу үшін отбасы мүйізді ірі қараны тез сойып алыпты. Малды сойғаннан кейін үй иесінің қолынан жара пайда болған. Міне, осы жараны тексерген кезде «сібір жарасы» деген қауіп туған. Сынама алған кезде бұқаның ауырмағаны белгілі болды. Ауру сиыр етінен жұғып отыр. Абырой болғанда, етті бөліп алған көршілері оны тағамға пайдаланып үлгермеген. Мамандармыз барлық етті жинап, көзін жойды.

Әзірге ауылды 15 күндік карантинге жауып отырмыз. Барлық сынамалардың қорытындысы шыққаннан кейін карантинге байланысты шешім шығаратын боламыз. Егер қосымша тексерістер қажет болса, карантин уақытын созуымыз мүмкін, — дейді облыстық Ветеринария басқармасының басшысы Нұржас Құрмантаев.

Әрине, барлығы онды шешіліп, ауыл тұрғындарына қауіп төнбегені керек. Әзірге мамандар ауылдағы төрт түліктен сынама алып жатыр. Ал ауру малды союға үш отбасының мүшелері ғана қатысты болғандықтан өзге тұрғындар тексерістен өткізіліп жатқан жоқ. Десе де, олардың жағдайын медицина мамандары күнделікті бақылауға алып отыр.

Әлемдік пандемиядан кейін көпшілік «карантин» деген сөзден шошып қалғаны жасырын емес. Сондықтан Тамды ауылындағы карантиндік шектеу шаралары көп ұзамай алынады деп сенеміз. Ең бастысы, індет дендемей, дер кезінде басылғаны абзал.

Жамбыл облысы



БАҚ ҚОНҒАН БӘЙТЕРЕК ЕДІ

Мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаев өмірден озды.

Білімі мен тәжірибесінің арқасында бір емес, бес облысты басқарды. Ұзақ жыл бойы Үкіметте қызмет атқарған, мемлекеттің дамуына айрықша үлес қосқан асыл азаматтың қазасы қабырғамызды қайыстырды.

Ұлттың өркендеуі үшін қызмет еткен тұлғадан көз жазып қалу – бір отбасының ғана емес, бүкіл қазақ жұрты үшін де ауыр қайғы.

ЕЛДІН АЛҒЫСЫНА БӨЛЕНДІ...

Бердібек Мәшбекұлы өмірден өтті. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Н.Календеров бастаған жамбылдық азаматтар барып, көңіл айтып кайттық. Ұлттық опера және балет театрында қоштасу рәсімі өтті. Республикамыздың Президенті К.Тоқаевтың тапсырмасымен жерлеу рәсімі биік дәрежеде ұйымдастырылды. Республикамыздың Премьер-Министрі Әлихан Смайылов жерлеу рәсіміне бастан аяғына дейін қатысып, Президенттің көңіл айту хатын жеткізді. Жерлеу рәсіміне халық өте көп жиналды. Асыл азамат, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Мәшбекұлы республикамыздың өркендеп, өсуіне үлкен үлес қосты. Қай жерде жұмыс істесе де, халықтың алғысына бөленді. Осындай ел құрметіне ие болған Бердібек Мәшбекұлының жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Батырбек ҚҰЛЕКЕЕВ,
қоғам қайраткері

ХАЛЫҚШЫЛ ТҰЛҒА ЕДІ

Белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Мәшбекұлы қиын-қыстау кезеңде мемлекеттік маңызды қаламдар жасап, Сыр өңірінің көшбасшы орындардан көрінуіне зор ықпал ете білген бірегей тұлға еді. 1995-1999 жылдары Қызылорда облысы әкімі лауазымы атқарған тұста талай игі бастамаға ұйытқы болып, өңірдің өркендеуіне қосқан өлшеусіз үлесін көз көрді.

Жылдар жылнамасына зер салсам, Бердібек Мәшбекұлы Қызылорда облысын басқарған жылдары өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тын серпін беріп, тұралаған салалардың тынысын ашып, халықтың тұрмыс-жағдайын түзеуге зор ықпал жасағанын көруге болады. Қиын кезеңде оңтайлы шешім қабылдап, өңірдегі барлық саланың жанданып, күршіт аймақтың көркеюіне көп күш жұмсалды.

Сол кезең Сыр өңірінде өндіріс орындары тұралап, фабрикалар жарым-жартылай жұмыс істеп тұрған қиын шақ болатын. Әсіресе, өңірде ауыл шаруашылығы саласы тұралап тұр еді. Осы уақытта облыс әкімі лауазымына тағайындалған Б.Сапарбаевқа артылған сенім жүгі жеңіл болмады. Саяси тұлға дер уақытында шұғыл шараларды жүзеге асыруға білек сыбана кірісіп, 1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдетуге бағытталған бағдарламаны қабылдады. Осыған орай облысты дамытудың ортамерзімді бағдарламасы негізінде тереңдету жұмыстары жедел қолға алынды. Нәтижесінде, инфляция деңгейін 40 пайызға төмендетіп, өнеркәсіп өнімінің деңгейін 41 пайызға арттыруға қол жеткізді. Қызылордаға арнайы экономикалық аймақ мәртебесін берумен айналысты.

Жарты ғұмыры ат үстінде өткен азамат қарапайымдылығымен де халықтың көңілінен шыға білді. Мемлекеттің міндетін сындарлы саясатын зор біліктілікпен жүргізді. Әрдайым бұқара халықпен етене байланыста бола білген саяси тұлға елдің әлеуметтік мәселелерін шешумен жұртшылықтың жадында сақталып қалды. Білікті басшының қай қызметте, қай өңірде болса да, сол өңір халқының қызметінен қимастықпен



шығарып салуы осы сөзімізге толық дәлел.

Мемлекеттік қызметте 40 жылдан астам қызмет еткен. Талай сатыдан өтіп, еліне еңбегі еленген азамат еді. Тәуелсіздік алған жылдары Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, вице-министр, Премьер-Министрдің орынбасары деңгейіне дейін көтерілді. Экономика ғылымдарының докторы, әлеуметтік ғылымдар академиясының құрметті академигі дәрежесіне ие болды. Соңғы жылдары QazBioPharm ұлттық биофармацевтика холдингінің директорлар кеңесіне де жетекшілік етіп, абырой тұғырынан түскен жоқ.

Сапарбаев – тәуелсіз мемлекетіміздің тарихында бес облысты басқарған саяси тұлға, халықшыл азамат ретінде көңіл түкпірінде қонақтап қалды. Елі үшін өмірмен елжанды азаматтың 71 жасқа толған шағында келместің кемесіне мініп, бақылық болғаны жанымызға батты. Елі қолдаған ер, елін құрметтеген азаматтың мезгілсіз қазасы қабырғамызды қайыстырды.

Көзкөрген азаматтың отбасына, туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтамын. Марқұмның рухы пейіштің төрінде шалқысын!

Қожахмет БАЙМАХАНОВ,
қоғам қайраткері
Қызылорда облысы

ОНЫҢ ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРЫҚ...

Ел басқарған әкім көп. Бірақ елдің есінде қалатындары некен-саяқ. Сол некен-саяқтың бірі – Бердібек Сапарбаев. Бес облыста әкім, министр, вице-премьер, тағы басқа жауапты қызметтер атқарған Бердібек Мәшбекұлы қайсы лауазымда да абыройына дақ түсірмеген, адалдықтың, ар-намыстың туын жықпаған нағыз мемлекетшіл тұлға бола білді. Ол үнемі күрмеуі қиын күрделі уәсқелерде қызмет етті десек, артық айтқанымыз емес. Соған қарамастан мәселені байыппен шешіп, арбаны да сындырмай, өгізді де өлтірмей, қиыннан қиырға жол таба білген нағыз іскер, талапшыл, таразының басын тең ұстаған басшы бола білді.

Б. Сапарбаев 1999 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына әкім болып келген уақыт өңірдің өзегі талып, өкпесі өшіп тұрғандай ауыр кезең еді. Өндірістер тоқтап, шаруашылық шатқаяқтап, тірлік тұралап, жұмыссыздық жолды бөгеп тұрғанын былай қойғанда, ауыл түгілі облыс орталығы Шымкентте не жарық, не жылу, не газ жоқ еді. Көше де, үйлер де тасқараңғы. Көпқабатты үйлердің тұрғындары далаға, жерге тас, кірпіш қалап, жер ошақ жасап, төңіректен ағаш, бұта теріп жағып, қазандарын қара күйеге қаптырып, тамақ дайындап ішуге мәжбүр болған. Сол кездері бес қабатты үйде тұратын біз де көшілермен бірігіп, бір қазан көтеріп (отынды үнемдеп),

ортақ көже пісіріп ішкен күндерімізді әлі ұмытпаймыз. Қыстың суығында жылусыз азынаған үйде сырт киімімізді шешпей, төсекке қалың киімімізбен, қос қабат көрпе жамылып жатқан күндер де өтті. Міне, дәл осындай қиын-қыстау кезеңде, тұрмыстың тығырыққа тіреліп тұрған кезінде, соған сай ел ашынып, жұрттың жүйкесі жұқарған шарасыз шағында халықтың жан-жақтан жамыраған талабы мен қалауын табу жана келген әкімге оңай соқпағаны айтпаса да түсінікті. Оның үстіне, осындай қысылталаң кезеңде етектен тартқан бөрідей әкімді тобықтан шалып, шабаланып шаужайына жармасқандар да болмай қалған жоқ. Бірақ Бекен ондайлармен айтқысып-тартқысып, уақыт кетіруді жөн көрген жоқ. Оның бар мақсаты қалайда қордаланған проблемаларды шешу болатын. Өзбекстаннан келетін газды, Жамбыл облысы арқылы қырғыз елінен жететін электр энергиясын үкіметтік деңгейде шешудің күрделі жолдарын таба білу арқылы арқаны құрсаулаған ауырлық бірте-бірте жеңілдей бастады. Сөйтіп, Шымқалаға қайтадан сауле, шаңыратарға шырай, адамдардың жүзіне нұр кірді. Жарықсыз, жылусыз, газсыз отырған күндер артта қалып, енді бұқаралық игілікті шаралар ұйымдастырыла бастады. Көпбалалы, тұрмысы төмен отбасыларға көмек көрсету мақсатында облыс әкімінің бастамасымен қайырымдылық шаралары қолға алынды. Сондай игі шараға сол кезде Байдулла Қонысбеков басқаратын облыстық телевиденің «Ақ желкен» балалар хабары арқылы телемарафон өткізіліп, қайырымдылық шарасынан облыстық «Қорған» қорына 1 миллион теңге қаржы жиналғаны есімде. Есімде қалған себебі, сол хабарды жүргізуге атсалысқан «Ақ желкен» балалар хабары жүргізушісінің бірі, менің 7-сыныпта оқитын ұлым Шапағат Орынбаевқа облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың берген алғысхаты бүгінде азамат болып кеткен балам үшін әлі күнге ең үлкен марапат саналады. Қалталы азаматтардан, аудан-ауданнан там-тұмдап жиналған 1 миллион теңге дегеніңіз – ол уақытта қыруар қаржы. Мұның өзі сол қиын кезеңнің бір мысалы ғана. Бердібек Сапарбаев шығармашылық адамдарына үлкен қолдау көрсетіп, оларға қамқорлық жасаған бірден-бір әкім. Зиялы қауым деген дардай ат-абыройы болғанымен, тек қалам-қағазынан басқа байлығы жоқ, үй-күйсіз, жағдайсыз жүрген қаншама ақын-жазушы, журналистер дәл осы Бекен облысқа басшылық жасаған жылдары баспаға ие болғанын баса айтқымыз керек. Яғни, Мәдениет жылы атанған 2000 жылы өңірдегі қалам ұстаған қауым мен мәдениет саласының қызметкерлері арасындағы баспасыз жүрген қаншама азаматқа кезінде қараусыз қалған жатақханаларды жөнге келтіріп, пәтер етіп, бөліп берген осы Бекен болатын! Мұны сол жатақ-

ханалардан шаңырақ тауып, отбасын өрбіткен жандар қамқор әкімнің жақсылығын әлі күнге жыр етіп айтады. Әрине, Бердібек Мәшбекұлының өңірімізде басшы болған үш жылы ішінде қыруар шаруа қисынын тапты. Оның бәрін тізбектеп шығу мүмкін емес. Ең бастысы, Оңтүстік халқы Бердібек Сапарбаевты ең қиын кезеңде ел еңсесін көтеруге күш салған, күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей, бар күш-жігерін жұмсаған, жанкештілікпен еңбек еткен қажымас қайраткер басшы ретінде ұмытпайды. Бекеннің бұдан кейінгі жылдары атқарған қызметтері мен бейнетті еңбегін жұрт жақсы біледі. Ол кісі бүкіл саналы ғұмырын елдің жарқын тұрмысы үшін тынымсыз әрекетпен өткерген АДАМ! Адамдардың алғысын, халқының батасын алып, енді ғана демалысқа шыққанда қайраткер тұлғаның демі үзілгені өте өкінішті, әрине! Бірақ жақсы адамның артында сөнбейтін жарық жұлдызы қалады. Сол жұлдыздың бірі Бердібек Мәшбекұлының жұлдызы дер едім!

Асхан МАЙЛЫБАЕВА,
Шымкент қаласы

ЕЛІНІҢ БАҒЫН АШУҒА ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ТҰЛҒА ЕДІ

Бердібек Сапарбаев туралы көңіл айтып жазу өте қиын. Жүрегіміз ауырып, қабырғамыз қайысып отыр. Соңғы рет мен Бердібек Мәшбекұлымен 5 наурыз күні кездескен едім. Сол күні Бердібек аға республикалық сайлауалды штабтың мүшесі ретінде Таразға келіп, екеуміз Жамбыл облысының бірнеше ауданын аралап, халықтың арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргіздік. Елімізде болып жатқан саяси реформаға байланысты өз ойымызбен бөлістік. Бұл соңғы кездесуіміз екенін білмедік.

Бердібек Мәшбекұлы туралы көп айтуға болады. Адамшылық, адамгершілік, ізгілік кез келген пенденің өміріндегі биік мұраты болса керек. Көп пенденің бірі болып өмір сүру бар да, нағыз адам болып өмір сүру тағы бар. Өкінішке қарай, пенделерге қарағанда нағыз адамдардың саны тым аз. Бердібек Мәшбекұлы пенделіктен өзін биік ұстап, адамгершіліктің биіктігіне жеткен тұлға еді. Ол үнемі қайнаған өмірдің ортасында жүрді. Премьер-Министрдің орынбасары, министр, 5 облыстың әкімі – осындай еңбектің арқасында үлкен абырой жинап, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, парасатты басшы, үлкен жүректі ұстаз ретінде елдің зор құрметіне ие болды.

Әнет бабаның Қазыбек биге берген батасында келесі сөздер бар: «Балам, әкім деген сөзді ұмытпа: «Ә» деген өміршіл болма, әділ бол, «К» деген – кекшіл болма, көпшіл бол, «І» деген – іріткі салма, ізетті бол, «М» деген – менмен болма, мейірбан бол».

Әкімге қажетті осы қасиеттің барлығы бойында бар еді. Оны халық жақсы біледі. Әрине, Бердібек Мәшбекұлының өмірінде қиын кезеңдер де болды. «Тырнақтың астынан кіріздеп», аяғынан шалғысы келгендер де кездесті. Әйтеке билің Құлтөбелігі бір жылында айтқан сөзі бар: «Елдің бағын ашпаса, ер мұратқа жетер ме? Ерінің сағын сындырса, ел мұратқа жетер ме?!»

Сол сияқты Бердібек Мәшбекұлының сағын сындырамын дегендер де болды. Өмірдің осындай қиын сәттерінен адалдық, ашықтық, әділеттілік сияқты ұстанымдарының арқасында ол үлкен абыроймен өте білді. Өзінің барлық өмірін халықтың бағын ашуға арнады.

Елімізге бергені аз емес. Әлі де беретіні бар еді. Өкінішке қарай, ортамыздан бақылық өмірге кетіп қалды. Артында басшы және ғалым ретінде жақсы із, үлкен мұра қалдырды. Осы мұраны зерттеу, сол мұрамен бүгінгі күннің

арасында байланыс пен сабақтастықты орнату, сол мұра арқылы жастарға тәлім-тәрбие беру – біздің парызымыз.

Бердібек Мәшбекұлының дана және дара тұлғасы халықтың есінде мәңгі сақтала бермек.

Махметғали САРЫБЕКОВ,
профессор

ДАНА ҰСТАЗ МӘНГІ ЕСІМДЕ ҚАЛАДЫ

Бердібек Сапарбаев шығысқазақстандықтардың және барша елдің ыстық ықыласына бөленіп, елінің мейлінше түрлене түсіп, гүлденіп, көркеюіндегі өлшеусіз еңбегін нық сеніммен айта аламыз.

Шығыс Қазақстан мен Өскеменде қызметімді бастаған тұста Бердібек Мәшбекұлымен тонның ішкі бауындай біте қайнасып, бірге қызмет еттік. Дана ұстаз және тәлімгер ретінде мәңгі есімде қалады.

Билік саласындағы мол тәжірибесін, білім-білігін, қажыр-қайратын қайтсем де облыстың атак-абыройын асқақтатып деген мақсатқа арнады, халыққа қызмет етіп, Қазақстанымызды жан-тәнімен сүйді.

Амал нешік, ажал ғайып тамаша адамды ортамыздан алып кетті.

Осы азалы сәтте марқұмның отбасына, туған-туыстарына, бүкіл ел жұртшылығына қайғыра көңіл айтамын.

Елімізге ерен еңбегі сіңген Бердібек Мәшбекұлының аяулы есімі шығыс жұртшылығының есінде де ұзақ сақталады.

Жақсылық ОМАР,
Өскемен қаласының әкімі

МӘДЕНИЕТКЕ ЕРЕКШЕ МӨН БЕРДІ

Бердібек ағамен үш жылдай бірге қызмет еттік. Ең бірінші ол кісімен танысқанымда А. Жұбанов атындағы Ақтөбе облыстық филармонияның директоры едім. Облысқа әкім болып келгеннен кейін бір күні кешкісін филармонияға келді. Фойделегі люстраны көріп: «мынаған қанша шам жетпей тұр?» деп сұрады. Үлкен люстраның бірнеше шамы күйіп кеткен ғой. Соны мезеп айтқаны ғой. Әкімнің бұл сұрағына ұялып қалдық. Қарапайым нәрсе болса да, соның өзін аңғарып, бақылағанына таңғалған едік.

Бірде тағы концертке келіп қатысты. Әкімнің екі жағында Қанат Айтбаев екеуміз отырмыз. Ол Мәдениет басқармасын басқарады. Екеуміз екі жақтан әкімге: «Ғимарат ескіріп кетті. Құрал-жабдықтар да ескірген. Ақтөбеге жаңа өнер орталығы керек. Концерт залын салып беріңізші!» деп өтініш қылдық. Әкім біз айтқан ұсыныстың бәрін дәптеріне түртіп алған. Арада бір ай өтпей, «қаланың қог ортасынан концерт зал салынады» деген ақпарат жетті. Іргетасы қаланған күннен бастап сол жерде жүрдік. Әкім де күн сайын таңертең жетіде өзі келіп тексеріп кетеді. Сөйтіп, сегіз айда өнер орталығы салынды. «Енді халықтан ұят болмасын. Дұрыстап концерт өткізіңдер!» деп қалжындап күлді. Сөзінде тұратын, іскер адам еді. Қарапайым қызметкерден бастап әртүрлі деңгейдегі өнер орталығын біліп отыратын. Бұл бір ғана филармониядағы жағдай. Одан бөлек, қаншама ұжым, қаншама елді мекен тұрғындары бар. Қым-қуыт тіршілік арасында концертке де келіп, театрға да бас сұғып үлгеретін. Табиғи таза болмысы, қарапайым қалыбы, турашыл мінезі – ешқашан сол көрген кейіптен өзгерген жоқ. Мәдениетті, әдебиетті қадір тұтты.

Ондай әкімге тама, жоқ па, білмеймін?! Бір білерім, бекзат болмысты Бердібек Сапарбаевтай тұлғаның қайта тумайтыны... Қалай таныдық, сол мінезін ауытқыған жоқ. Қоштасу рәсіміне Бердібек Сапарбаевты сыйлайтын азаматтың бәрі жиылып, қоштасып жатты.

Қош, қазақтың Бердібегі! Қош, қазақтың қара нары!

Елубай КЕНЖАЛИЕВ,
«Сатанат» би ансамблінің директоры

АҚТЫҚ САПАРҒА ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Алматы қаласында Абай атындағы Қазақ ұлттық академиялық опера және балет театры ғимаратына мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаевты ақтық сапарға шығарып салу рәсімі өтті. Қаралы жиынға Үкімет мүшелері, облыс әкімдері, Парламент депутаттары мен қоғам қайраткерлері, Бердібек Мәшбекұлының туған-туыстары қатысты.

Жиналған жұрт 71 жасқа қараған шағында өмірден озған мемлекет қайраткерінің саналы ғұмырында ел дамуына қосқан үлесін, қайраткерлік қыры, кәсіби білігі, азаматтық келбетін еске алып, жақын-жуығына көңіл айтты. Қаралы жиында ашқан Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың көңіл айту жеделхатын оқыды.

«Бердібек Мәшбекұлы ұзақ жылғы еселі еңбек жолында лауазымды қызметтерді абыроймен атқарып, еліміздің саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени өркендеуіне және өңірлерді дамытуға мол үлес қосқан еді. Мемлекетіміздің сындарлы саясатын зор біліктілікпен жүргізсе білді. Қазақстанның беделі мен мәртебесінің арта түсуіне қажыр-қайратын жұмсады. Азаматтық қадір-қасиетімен ел ішінде құрметке бөленді. Сонына өшпес із қалдырған Бердібек Мәшбекұлының есімі мен жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын!» делінген жеделхатта.

Одан соң марқұмның қызмет жолындағы өнегелі жолы туралы өз естеліктерімен бөліскен замандас-әріптестері Бердібек Сапарбаевтың тынымсыз еңбегі мен тұлғалық қасиеттері туралы естеліктер айтты.

«Ағамыз еліміздің ең сезімтал құрылымдары мен аймақтарында аянбай еңбек етті. «Кризис менеджері» атанған тау тұлғаның әрбір жүйелі, нәтижелі жұмысының ар жағында білім мен білік қана емес, үлкен жүрек жатты. Елдің өркендеп, өрістеуіне бар ғұмырын арнаған ардақты азаматтың үлкенге құрметі, кішіге ізеті де ерекше еді. Адам ретінде де, мансап биігінде де бар білгені мен түйгенін кейінгі буынға үйретіп кетті», – деді Үкімет басшысы Әлихан Смайылов.

Бердібек Сапарбаев 1953 жылы Қызылорда облысы Жанакорған ауданындағы Бесарық ауылында дүниеге келген. 1977 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын экономист мамандығы бойынша бітіреді. Еңбек жолын 16 жасында «Задарьинский» кеңшарында қатардағы жұмысшы болып бастаған ол 50 жылын мемлекеттік қызметке арнады. Әр жылдары Қазақстанның 5 аймағын, атап айтқанда Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе мен Жамбыл облыстарын басқарды. Екі рет Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі, екі рет Үкімет басшысының орынбасары болды. Осы жиында жиналғандар оны ұстанымы бөлек, талапшыл, қиын сәтте батыл шешім қабылдайтын іскер басшы ретінде еске алып жатты:

«Мен Бердібек Мәшбекұлымен 25 жылдан астам уақыт аралығында таныс болдым. Ол кісі түрлі салада бар жерімен жұмыс істеп, 45 жылдан астам уақыт мемлекеттік қызметте еліміздің өркендеуіне қолдау үлес қосты. Тәуелсіздікті нығайту жолында қатардағы экономистен Премьер-Министрдің орынбасарына дейінгі лауазымды қызметтерді абыроймен атқарды. Әрдайым жауапты қызметтің тұтқасын ұстап, қысылталаң уақытта да жүктелген күрделі міндетті тиянақты орындап, елдің сенімінен шыға білді», – деді Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев.

«Осындай тұлғалардың кетіп бара жатқаны өте өкінішті... Бірақ артында жақсы ісі қалды. Осылардың бәрін үйрену керек бізге. Ұлы тұлғалардың үлгісін, тәжірибесін біз пайдалануымыз керек. Бекеннің әрбір күні бізге тағылым. Соңғы уақыттардың өзінде қаншама кездесуде көрдім, сол Бердібек кәдімгі Сапарбаев деген әлемі есімді аркалап жүрген адам барлық уақытта сүйкімді қалпында елдің жүрегінде сақталады деп ойлаймын», – деді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мейрамбек Төлепберген.

Марқұм Алматыдағы «Кенсай-2» қорымына жерленді.



ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ЖІГЕРІН ЖАНЫҒАН ЖОБА

Шымкент қаласында осыдан үш жыл бұрын республикада алғашқы болып «Шымкент жастар лигасы» бірегей жобасы басталған. Үшінші мегаполистегі ауқымды шара әлі күнге дейін бірегей жоба ретінде өткізіліп келеді. Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді өткізуден бөлек, жеткіншектердің өзара байланысын нығайтып, ынтымақтастығын арттыратын бұл жобаны Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов ұсынған. Салауатты өмір салтын ұстануға баулитын бұл жоба мегаполистердегі барлық мектепті қамтуы керек болған. Ұсыныс 2021 жылдан бері сәтті жүзеге асып, сайыс мектеп оқушыларының, мұғалімдер мен ата-аналардың үлкен қолдауына ие болып отыр.

Назгүл НАЗАРБЕК

Қала мектептері арасында жаңа оқу жылы басталғаннан жыл бойы жүргізілетін сайыс спорттың футбол, баскетбол, волейбол, шахмат түрлерінен өтеді.

«Лига біркүндік жарыс емес. Бір мектептің оқушылары спорттың 4 түрінен жасакталып, аудандық топты жасактайды. Топтарға бөлінген 12 команда өзара ойнап, іріктеледі. Бірінші, екінші, үшінші орын алған командалар финалға жіберіледі. Әр аудан 4 топқа бөлініп, 8 команда жасакталады. Демек, әр ауданның 8 мықты командасының қарсыласы жеребе арқылы анықталады. Бұл сайыстың ерекшелігі де сол балаларды бір-біріне жақындатады, достастырады. Команда мүшелері ауызбіршілікті, еліне деген сүйіспеншілікті терең сезінеді. «Бәріміз – біріміз, біріміз – бәріміз үшін» деген ұранды ұстанады», – дейді қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының бөлім басшысы Мақсат Орымбаев.

Жеткіншектер бірнеше сыннан сүрінбей өтіп, ақтық сынға жетеді. Жеңілген командалар жарыс жолынан шығып қалады да, бабы мен бағы қатар шапқандар жеңіске жақындай түспек.



«Дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан сайысқа балалардың қызығушылығы жоғары. Мысалы, былтыр жеңілген команда биыл өте жоғары деңгейдегі ойын өрнегін көрсетіп, жүлдеге ие болды. Олардың ерекше дайындалғаны көрініп тұрды. Біз жарыс барысында балалардың жанында, басы-қасында боламыз. Олардың жеңіске деген талпынысын, сөзбен жеткізе алмайтын әсерін, ұтылып бара жатса өтпеген-ай дейтін сәттерін көріп, сезінеміз», – дейді бөлім басшысы.

«Шымкент жастар лигасы» негізінен командалық ойындардан құрылған. Сол себепті жеңген команда, яғни жеңіс тұрғынынан көрінген мектепке демеушілер есебінен 20 миллион теңгенің ұтысы белгіленген. Былтыр және биыл ұтқан командаларға мектепке балаларды тасымалға қажетті автобустар сыйға берілді. Ал қалған қатысушылардың барлығына бірдей кубок пен медальдар және диплом табыс етілді.

Биыл да балалардың құқың қорғау күні үш жыл қатарынан дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан «Шымкент жастар лигасы» жобасының III кезеңі өз мересіне жетті. Финалдық ойындар қайта жаңғырып, реконструкцияланған «Металлур» стадионында өтті. Шымкенттің талай жылдық тарихына куә болған бұл стадионда жастардың спортпен алаңсыз айналысуына барлық қолайлы жағдайлар жасалыпты.

«Шымкент жастар лигасы» жобасында футбол, баскетбол, волейбол, шахмат түрлерінен 151 жалпы орта білім беру мектебінен 500-ден астам команда жасакталып, 6 мыңға жуық оқушы қатысты.

Демек, осынша баланың белсенді қатысуы лиганың бұқаралық сипат алғанының көрінісі болса керек.

Шахматтан – Ө.Жолдасбеков атындағы №9 ІТ лицейінің, волейболдан – А.Байтұрсынов атындағы №50 мектеп-гимназиясының, баскетболдан – М.Х.Дулати атындағы №8 гимназияның, ал футболдан – Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясының командалары лиганың чемпионы атанды. Әр спорт түрі бойынша чемпион командаларға демеушілердің қолдауымен алынған 20 миллион теңгенің 4 шағын автобусы табысталды.

Айта кетейік, шахматтан былтыр да, биыл да Ө.Жолдасбеков атындағы лицейдің балалары алдарына қара салдырмай қатарынан екі жыл автобустарға ие болды.

«Былтыр жеңімпаз болғандар биыл қатыспауы тиіс деген талап жоқ. Баланың бағын байлауымыз керек. Ынтасы бары қатысып, өз мықтылығын көрсете алады. Өзге мектептердің мұғалімдері де жеңіске жету үшін барын салғаны абзал. Біз балалардың бетінен қақпауымыз керек. Бізді жастардың белсенділігі қуантады. Мәселен, биыл футболға 135 мектеп, баскетболға 137, волейболға 129 және шахмат ойынына қатысуға 132 білім ұясының оқушылары ниет білдіріп, өтініш тастады. Спортпен тұрақты түрде айналысып жүрген баланың әлеуеті де зор болады», – деп атап өтті Мақсат Мұсаханұлы.

Жеткіншектердің өзі де «Шымкент жастар лигасының» мыннан тұлпар, жүзден жүйріктерге жол ашатын жоба екенін алға тартады. Сондықтан олардың бұл байқауға дайындығы ерекше.

«Әрине қай сайыста да жеңіске жету оңай емес. Дегенмен біздің команда бұл лигаға жан-жақты дайындалып, топ жарды. Қуанышымызда шек жоқ. Еңбегіміз ақталды. Бізге сенім білдірген бапкерімізге, ұстаздарымызға, ата-аналарымызға алғыс айтқым келеді», – дейді Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясының оқушысы Балжан Нұран.

Министрлік жиынында «Шымкент жастар лигасы» өзге өңірлерге үлгі ретінде көрсетіліп, жоғары баға берілді. Келешекте бұл жоба еліміздің өзге аймақтарында да жалғасын табуы мүмкін.

Шымкент қаласы

ЗАРИНА – ҮШ ДҮРКІН ЧЕМПИОН

Грузияның Батуми қаласында шахматтан жасөспірімдер арасында өткен әлем чемпионатында атыраулық Зарина Нұрғалиева топ жарды.

Ел намысын абыроймен қорғаған атыраулық жас шахматшы Зарина Нұрғалиева шахматтың «рапид» және «блиц» түрінен сынға түсті. Турнир қорытындысы бойынша Зарина «блицтен» алтын медаль жеңіп алып, үшінші рет әлем чемпионы атанды. Ал, шахматтың «рапид» түрінен күміс медальға ие болды.

Зарина Атырау облысының шахматтан аға жаттықтырушысы Сабырбай Ғайсин мен FIDE және халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Азия чемпионы Жәнібек Амановтың шәкірті. Ол бұған дейін 2019 жылы Беларусь Республикасында өткен



әлем чемпионатында 12 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында әлем чемпионы атанған. Ал 2021 жылы FIDE ұйымдастырған жылдам шахматтан әлем кубогінде қола жүлдеге ие болды.

ЕЛУЛІККЕ ҚАЙТА ЕНДІ

Еліміздің бірінші ракеткасы Александр Бублик Ролан Гаррос турнирінің алғашқы айналымындағы сәтсіздікке қарамастан 47-орынға көтерілді.

Ол осы аптада Хертогенбос (Нидерланд) жарысында өнер көрсетеді. Жаңа рейтингіде сербиялық Новак Джокович қайтадан әлемнің бірінші

ракеткасы атанса, испаниялық Карлос Алькарас пен ресейлік Даниил Медведев үздік үштікте қатарында тұр. Жұптық сында Александр Недовесов 64-тен 59-орынға шықса, Андрей Голубев 82-ден 83-ке төмендеді. Жұптық рейтингіде америкалық Остин Крайчик көш бастаса, нидерландтық Уэсли Колхоф екінші, ұлыбританиялық Нил Скупски үшінші сатыда.



КАНЕЛО ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕН БАС ТАРТТЫ



Екінші орта салмақтағы жеңімпаз Сауль Канело Альварес америкалық Давид Бенавидеспен жудырықтасудан бас тартты.

Белгілі инсайдер Майкл Бенсонның айтуынша, Канело мен Бенавидес жекпе-жегі өтпейді. Мұны Бенавидесің промоутері

Сэмсон Левкович де растады. Левкович Канело мен оның бапкері Эдди Рейносо кыркүйекте жудырықтасу туралы ұсынысқа мүлде жауап бермей қойғанын айтады. Бенавидес супер орта салмақта Альварес үшін ең қауіпті қарсылас саналады. Ол екінші орта дивизионда WBC ұйымының уақытша чемпионы.

Дайындаған Ж.ҚҰТТЫБАЙ



Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Шынболат КҮЗЕКБАЙ –
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫБАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН –
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4313
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114